

# ЖЫЛАДЫҚ ЕСЕП 2018

**SAMRUK - KAZYNA TRUST**  
Әлеуметтік жобаларды  
дамыту қоры



**SAMRUK**  
K A Z Y N A  
• TRUST •

АТАУЛЫ КӨМЕКТЕН  
ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРҒА







# Мазм

**01** 7  
Үндеу

**04** 16  
Қайырымдылық  
жобаларды бекіту  
тәртібі

**02** 10  
Қор туралы

**05** 18  
Қор нәтижелері

**03** 15  
Ұйымдық Модель  
және басқару  
жүйесі

# МҰНЫ

06

22  
«Менің елім»  
бағдарламасы

09

108  
Имидждік жобалар

07

34  
Әлеуметтік және  
медициналық  
секторларды  
қолдау

10

116  
«Samruk-Kazyna Trust»  
медиаалаң

08

68  
Адами әлеуетті  
дамыту



Назарларыңызға «Samruk-KazynaTrust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының корпоративтік қайырымдылық саласындағы Әлеуметтік жауапкершілігі туралы 2018 жылға есебін ұсынамыз.





**АХМЕТЖАН ЕСІМОВ****«Самұрық-Қазына» АҚ  
Басқарма Төрағасы**

## Құрметті достар!

Экономика мен бизнес әрқашан өзара байланысты – барлық кезеңде солай болды және бұл сөзсіз. Экономика жақсы әрі бәсекеге қабілетті болуы үшін, бизнес төзімді және тұрақты болуы керек. Мәселен, «Самұрық-Қазына» АҚ үшін өткен жыл негізгі қаржылық көрсеткіштердің өсуімен ерекшеленді, бұл ретте компанияның табыстылығы 30% - ға өсті. Алайда қазіргі заманда бизнестің тұрақтылығы компания табысының қаншалықты жоғары болуына байланысты емес. Бұл жерде бизнестің қандай ортада дамып жатқаны маңызды рөл атқарады, сондықтан қолайлы Әлеуметтік жағдай жасау, қоғамның әл-ауқатының жоғары деңгейі, саяси және экономикалық тұрақтылық маңызды фактор болып қала береді. Соңғы жылдардағы басты үрдістердің бірі – бизнестің Әлеуметтік жауапкершілігі, және әлемдік трендтерді ұстанбаса, бүгінгі күні компанияның толық жетістігі туралы айту мүмкін емес. Ірі халықаралық корпорациялар Әлеуметтік салаға қолдау көрсетуді өз жұмысының ажырамас бір бөлігі деп санайды, өйткені оны компанияның табысты қызметінің кепілі ретінде қарастырып отыр. «Самұрық-Қазына» АҚ қайырымдылық қызметті тұрақты даму және корпоративтік Әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына сәйкес жүргізеді. Бүгінгі күні біздің компаниялар тобында ондаған мың қазақстандық еңбек етеді және қор мен оның еншілес

компанияларының маңыздылығын ескере отырып, корпоративтік Әлеуметтік жауапкершілік пен қайырымдылық Қор жұмысының стратегиялық маңызды бағыттарына айналууда. Бірақ корпоративтік Әлеуметтік жауапкершілік – бұл тек қайырымдылық қана емес, бұл компанияның іскерлік беделін де, капитализациясын да арттыратын қызмет. «Самұрық-Қазына» АҚ Әлеуметтік жауапкершілікті барлық деңгейде: холдинг қызметкерлерінің өзінен бастап, кәсіпорындарға дейін енгізуді көздейді. Бұл біздің қоғамның, Әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салаларында дамуына өз еркімізбен қосатын үлесіміз. Бұл бизнестің болашаққа саналы инвестициясы. Менің ойымша, басқа көптеген компаниялар үшін өткір Әлеуметтік мәселелерді шешуге көмек экономикалық мақсаттылықтан моральдық қажеттіліктерге көшудің тиіс. Бүгін біз қайырымдылықты дамыту қарқынын тек холдинг ішінде ғана емес, бүкіл Қазақстан бойынша қоямыз және елдегі оң Әлеуметтік өзгерістерге ұмтылудамыз. Сондықтан да біздің міндеттеріміздің бірі – біздің қызметкерлеріміз бен бүкіл ел тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру, және бүгінгі күні Әлеуметтік саланы дамыту үшін барлық жағдай жасау, қоғамға көмектесу, халықтың Әлеуметтік мәселелерін шешуге қатысу біздің мүддеміз. Тоғыз жыл бұрын «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры құрылды, ол 2016 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ

қайырымдылық қызметінің бірыңғай операторы болды. Қордың жобалары қоғамды дамытуға және Қазақстан халқының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған. Осы уақыт ішінде жүздеген мың қазақстандық түрлі бағыттарда: медицина, білім беру, спорт, мәдениет салаларында қайырымдылық көмек алды. 2018 жылы Қайырымдылық бағдарламасының бюджеті 15 млрд теңгеден 10 млрд теңгеге қысқартылды. Алайда жүзеге асырылып жатқан жобалардың сапасы мен бенефициарлардың саны сақталып калды. Бұл атаулы көмек көрсетуден Әлеуметтік инвестицияларға көшудің арқасында мүмкін болды. Елдегі қайырымдылықты қолдай отырып, біз белсенді азаматтық қоғамды, үкіметтік емес ұйымдарды және мемлекеттік органдарды тарта отырып, жаңа Әлеуметтік-серіктестік жобалардың пайда болуы үшін жағдай жасауға ұмтыламыз. Тек осылай ғана бизнестің дамуы мен Әлеуметтік жауапкершіліктің тепе-теңдігіне қол жеткізуге болады.

*Ахметжан Есімов*

## ӘЛІШЕР ПІРМЕТОВ



«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма  
Төрағасының орынбасары

«Samruk-Kazyna Trust»  
Әлеуметтік жобаларды дамыту  
қорының Қамқоршылар  
кеңесінің Төрағасы

# Құрметті әріптестер және серіктестер!

2018 жылдың қорытындыларын жасайтын уақыт келді. Биылғы жылдың қиын, бірақ өте жемісті болғанын толық сеніммен айта аламын. Әлеуметтік сала «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы үшін маңызды бағыт және ол солай болып қалады. Жыл сайын бизнес-қоғамдастықта кәсіпорындар салу мен жұмыс орындарын құру ғана емес, сонымен қатар компаниялар тобының бір бөлігі болып табылатын адамдар үшін жақсы өмір сүру жағдайын қамтамасыз ету қажет деген түсінік өсуде. Өткен жылы біз Әлеуметтік жобаларды қаржыландыру тәсілін қайта қарастырып, қаражаттың жұмсалуды және Әлеуметтік жобалардың сапалы орындалуын бақылауды күшейттік. Соның арқасында жобалар одан да тиімді бола түсті. Қордың Қайырымдылық саясаты мен Қайырымдылық бағдарламасына өзгерістер енгізілді. Бүгінгі таңда қайырымдылық қызмет: Әлеуметтік және медициналық секторға көмек, медиа, мәдени қоғамдастық және адам әлеуетін дамыту, еңбек қатынастарын нығайту және қоғамның тұрақты дамуына инвестиция жасау бағыттары бойынша жүзеге асырылады. Маңызды бағыттардың

бірі компаниялар тобы бар өңірлеге Әлеуметтік инвестиция жасау болып табылады. Елімізде «Менің елім» Бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр. Біз Қазақстанның қалалары мен ауылдарының инфрақұрылымын дамытуға елеулі үлес қосамыз, оңалту орталықтарын дамытуға көмектесеміз, инклюзивті білім беруді дамытуға назар аударамыз, бұқаралық спортты дамытуға тырысамыз және Әлеуметтік кәсіпкерлікті құруға серпін береміз. Өткен жылы «Менің елім» Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы 9 өңірде іске асырылды. Жобаны жүзеге асыру кезінде біз тұрақтылық пен нәтижеліліктің маңызды қағидаттарының бірі ретінде жүйелілікті ұстанамыз. «Бір реттік» жобалар артта қалды, ауысымға пайдасы мен өнімділігі айқын және өлшенетін, сапалы бағдарламалар келуде. «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры корпоративтік қайырымдылық

саласында өз позициясын нығайтып, үнемі өсіп және дамып келеді. Біз Қордың өңірлердегі жұмысы туралы оң пікір аламыз, осылайша қоғам біздің іске асырып жатқан жобаларға барынша қызығушылық пен ниеттестік танытады. Жыл сайын біз алдымызға жаңа, барынша қызықты және өршіл міндеттер қоямыз. Оларға барлық мүдделі тараптардың ақылға қонымды әрекеттерін ескере отырып және нәтижесінде неге келетінімізді нақты түсіне отырып, бірлескен күш-жігермен ғана қол жеткізуге болады.

Әлішер  
Пірметов



*Әлеуметтік сала  
«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы үшін  
маңызды бағыт және ол солай болып қалады*





**ДИЯС ӘЗБЕРГЕНОВ**
**«Samruk-Kazyna Trust»  
 Әлеуметтік жобаларды  
 дамыту қорының Бас  
 директоры**

## Құрметті достар!

Сіздердің назарларыңызға 2018 жылға арналған қорытынды есепті ұсынуға қуаныштымын. «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры үшін өткен жыл қызықты оқиғалар мен жобаларға толы болды. 2018 жылы біз 57 жобаны жүзеге асырдық, жалпы бенефициарлардың саны 350 000 адамды құрады. Арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалардың ыңғайлы ортада білім алулары үшін біз серіктесіміз «Дара» Қорымен бірлесе отырып «Әртүрлі және тең» жобасының аясында психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері мен ресурстық орталықтар аштық. Қазақстанда емделмейтін ауыр диагнозы бар 209 бала шетелдік клиникаларға емделуге жіберілді. Елорданың аула клубтарында 1,5 мың бала тегін негізде шығармашылық және білім беру үйірмелері мен спорттық секцияларға қатысу мүмкіндігіне ие. Балалар үйінің 15 түлегі жаңа мамандықты игеріп, жаңа өмірге жолдама алды. Мысалы, еліміз бойынша 50-ден астам спорттық алаңдар орнатылды. «Сенің жаңа қырың» жобасының арқасында 300 000 астам қазақстандық спортмен айналысуға бет бұрды. «Жеңіс» жобасының еріктілері Қазақстанның 31 қаласы бойынша 1200 Ұлы Отан соғысының ардагеріне қамқорлық көрсетті. «Медициналық пойыздар» жобасының арқасында 40 000 астам қазақстандық тегін медициналық тексерістен өтті.


«ӘРЕКЕТ» жобасына еліміздің коммерциялық емес ұйымдарының 265 өкілі қатысып, Әлеуметтік кәсіпкерлік негіздерін оқып шықты, оның ішінде 96-сы өз ісін дамытуға грант ұтып алды. Биыл «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы бар өңірлерде неғұрлым тиімді жұмыс жасау үшін үкіметтік емес ұйымдармен және жергілікті атқарушы органдармен тығыз қарым-қатынас орнату жалғастырылып келеді. Қорда атаулы көмектен Әлеуметтік инвестицияларға өту бойынша енгізілген тәжірибе барлық қоғам үшін мультипликативті нәтиже беріп жатқанын ерекше атап өткен жөн. Бұдан бөлек, біздің Қор өткен жылдан бастап білім беру қызметіне аса назар аударуда, соның ішінде коммерциялық емес ұйымдарды оқытуға. Біз «ӘРЕКЕТ» Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту жобасының аясында өңірлерде білім беру тренингтерінен бөлек, онлайн вебинарлар өткізуді енгіздік. Сонымен қатар, қордың ресми сайтының жұмысы жаңа функционалмен толықтырылып, енді онда тұрақты негізде жаңартылып тұратын танымдық ақпарат көбее түсті. Қайырымдылық саласындағы сарапшылардан алынған авторлық материалдар, сұхбаттар мен подкасттар форматы енгізілді. Жеке сарапшылар пұлы да құрылды, оның ішіне қордың қызметкерлері де кірді. Олар өз мақалаларын халықаралық ақпараттық алаңдарда жариялап, Әлеуметтік қолдауға бағытталған

түрлі конференциялар мен форумдарға қатысады. Бұдан басқа, қордың қызметкерлері мүдделі тараптармен жан-жақты байланыс орнатып, барлық жобаларға қатысады. Бір сөзбен айтқанда, өткен жылы үлкен жұмыстар атқарылғаны сөзсіз, бірақ «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту Қоры бұнымен тоқтап қалмайды. Алда біз жүзеге асыруымыз керек талай жобалар бар. Бұның барлығы өзінің кәсібилігі мен білімін ғана емес, сонымен қатар әр жобаға өз жанын салған біздің Қор мамандарысыз мүмкін болмас еді. Қоғамға деген қамқорлығы отандастарымыздың өмірін өзгертуге бағытталған ірі бірлескен жобаларға айналатын жоба әкімшілеріне алғыс айтамын.

*Дияс Әзбергенов*

# Қор туралы

«Samruk-Kazyna Trust» миссиясы - Қазақстан Республикасының өркендеуіне және халықтың Әлеуметтік-экономикалық өмірін жақсартуға көмектесу.



«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» Акционерлік қоғамы - Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыру және ұлттық экономиканы жаңғыртуға қолдау көрсету міндеті жүктелген инвестициялық холдинг. «Самұрық-Қазына» компаниялар тобына шамамен 300 000 қызметкер жұмыс істейтін мұнайгаз, көлік және логистика салаларындағы

кәсіпорындар, химия және атом өндірісі, тау-кен, металлургия кешені, энергетика, машина жасау мен жылжымайтын мүлік салаларының 300 жуық компаниялары кіреді. «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының Қазақстандағы ауқымы мен маңыздылығын ескере отырып, компания мүддесі барынша пайда табумен қатар,

корпоративтік Әлеуметтік жауапкершіліктің (КӘЖ) қағидаттарын бизнестің стратегиясына енгізуге, сондай-ақ жүйелі қайырымдылық шараларды іске асыру арқылы Әлеуметтік ортаны жақсартуға бағытталуы тиіс.

## БІЗДІҢ ҚАҒИДАЛАРЫМЫЗ:

Тиімділік

Жүйелілік

Ашықтық

Әлеуметтік  
маңыздылық

«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры өз жұмысында қайырымдылық қызметін реттейтін мынадай құжаттарды басшылыққа алады:

- 1) «Самұрық-Қазына» АҚ Қайырымдылық саясаты;
- 2) «Самұрық-Қазына» АҚ Қайырымдылық бағдарламасы;
- 3) «Samruk-Kazyna Trust» Қайырымдылық көрсету және мониторинг жүргізу ережелері.

«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының қайырымдылық қызметінің бірыңғай операторы болып табылады және «Самұрық-Қазына» АҚ мен барлық портфельді компаниялардың атынан елдегі Әлеуметтік маңызды сұрақтарды шешуге бағытталған жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асырады.

ыңғай  
ерәйтөр



# Маһандық Әйлеу



«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры барлық мүдделі тараптар – Қазақстан Республикасының халқы, азаматтық сектор және бизнес үшін жұмыс істейтін қоғамдағы тиімді және жүйе қалыптастырушы Әлеуметтік өзгерістерді дамыту үшін экожүйе жасайды.

## Құрылымдық тәсіл

Қайырымдылық қызметтің негізгі стратегиясы – мәселелерді зерттеу, оқыту, дамыту, ұзақ мерзімді және ақылды Әлеуметтік әсер ету болып табылады.

## Жақсылыққа ұмтыламыз

Сондай-ақ біз «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры инновациялық Әлеуметтік өзгерістер мен ең жақсы қайырымдылық тәжірибелерінің Қазақстан Республикасындағы басты орталықтардың бірі бола алатындығын қолдаймыз.

## Қызмет географиясы

Қайырымдылық қызмет «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының қатысуы мүмкін аймақтарында, сондай-ақ мемлекеттік органдардың, азаматтық сектордың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ұсынымдарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының аумағында бекітілген Қайырымдылық саясаты мен қайырымдылық бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

Операциялық іс-шаралар «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының 20 бірліктен тұратын штаттық командасының күшімен іске асырылады. Қордың кеңсесі Астана қаласында орналасқан. «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының өңірлер мен шетелде қосымша өкілдіктері жоқ.



Арсен Сәйттаров

Жоба: Туған елге саяхат





# Қар қандағасы



**Қызметкерлер саны 20 адам**



**8 ер адам**



**12 әйел адам**

# Қайырымдылық жобаларды бекіту тәртібі

## Коммерциялық емес ұйымдардың ұсынған жобалары

### 01

Қайырымдылық көрсету және мониторинг жүргізу Ережесіне сәйкес өтінім жолдау:

- қағаз нұсқадағы өтініш;
- [www.sk-trust.kz](http://www.sk-trust.kz) ресми сайты арқылы толтырылған өтінімнің электронды нұсқасы

### 02

Жоба менеджерлерінің өтінімді Қайырымдылық көрсету және мониторинг жүргізу Ережесіне сәйкестігін тексеруі, қажетті құжаттар тізімінің **толықтығы.**

Құжаттар тізімі толық болған жағдайда өтінімнің тиімділігі, өзектілігі, бірегейлігіне сәкес қорытынды жасау

### 03

Өтінімді «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының Қамқоршылар кеңесінің қаралымына жолдау

### 04

Қамқоршылар кеңесінің жобаға қатысты оң шешімінің негізінде пайдаланушымен Келісімшарт жасалады

## «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорымен ұсынылған жобалар:

### 01

Жоба бойынша қорытынды жасау

Жоба бойынша жоба басқармасы және корпоративтік коммуникациялар департаментімен қорытынды жасалады

### 02

Жоба бойынша қорытындыны

«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының Бас директорының қаралымына ұсыну, Қамқоршылар кеңесі туралы Ережеге сәйкес құжаттарды Қамқоршылар кеңесінің отырысына дайындау

### 03

Жобаны «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының Қамқоршылар кеңесінің қаралымына жолдау

### 04

Қамқоршылар кеңесі жобаға қатысты оң шешім қабылдаған жағдайда «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры жобаны ішкі құжаттамаларға сәйкес жүзеге асыруды бастайды



Өтінім / сұраныс  
қабылдау жолдары



Мекен-жай бойынша

Е10 к-сі, 17/10 үй,  
11 қабат



Ресми сайт –  
[www.sk-trust.kz](http://www.sk-trust.kz)

«Серіктес болу» бөлімінде



# 2018 ЖЫЛҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

---

**57** мабәл түзеге  
асырылды

Қазақстан бойынша

**350 000**

астам  
бенефициар

# 2018 ЖЫЛҒЫ негізгі өзгерістер

«Самұрық-Қазына» АҚ  
Қайырымдылық саясатына  
өзгертулер енгізілді;  
Басым бағыттар өзгертіліп,  
олардың саны алтыдан төртке  
дейін қысқартылды

2018 жылдан бері Қордың Қайырымдылық  
бағдарламасының қаражаты келесі жағдайларға  
жұмсалмайды:

- 1) Дөңгелек үстелдер мен концерттер,  
мерейтойлық және салтанатты шараларды  
өткізу мен ұйымдастыруға;
- 2) Несие қарызын өтеуге;
- 3) «Астана» Президенттік кәсіби спорт  
клубы» Корпоративтік қорын қаржыландыруға.

① Әлеуметтік және медициналық  
сектордағы қоғамдастықтар мен  
адамдарға көмек көрсету;

③ Қор компаниялары бар  
аймақтарда өңірлік Әлеуметтік  
инвестициялар бағдарламасын  
жүзеге асыру;

② Медиа, мәдени қоғамдастық пен адам  
әлеуетін дамыту, еңбек қатынастарын  
дамыту, қоғамның тұрақты дамуына  
бағытталған инвестиция.

④ Қор не/немесе Қор  
компаниялар тобының  
имиджі мен беделін нығайту

Қайырымдылық бағдарламасының  
бюджеті ~~15 млрд~~ теңгеден 10 млрд  
теңгеге қысқартылды

Бюджеттің қысқартылуына қарамастан Қор жүзеге асырылып жатқан жобалардың сапасын сақтап, бенефициарлардың санын 300 000-нан 350 000-ға арттырды.

Қордың  
2018 жылғы  
нәтижелері





## HIGHLIGHTS

**«Сенің жаңа қырың!»  
челленджіне 300 мың  
қазақстандық қатысты**

Өткен жылы қор бұқаралық спортты дамыту бойынша жұмысын жалғастырды. Осылайша, 300 мыңнан астам қазақстандықты біріктірген «Сенің жаңа қырың!» челленджі көремет нәтиже көрсетті. Бұл жоба Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауымен өтті. Спорт алаңдарын орнату бойынша жоба да дамыды: еліміздің он өңірінде спортпен айналысуға арналған 52 алаң орнатылды.

## БАЛАЛАР

**Қазақстанда емделмейтін  
диагнозы бар 209 бала  
шетелде емделуден өтті**

Қазақстанда жазылмайтын диагнозы бар 209 бала "Балаларға өмір сыйла" жобасы аясында шетелдік клиникаларға емделуге жіберілді.




# SK-TRUST NEWS

Халықтың әлеуметтік-экономикалық өмірін жақсартуға және Қазақстан Республикасының өркендеуіне жәрдемдесу

## 2018 ЖЫЛЫ 350 000 ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕКПЕН ҚАМТЫЛДЫ

2018 жылы «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры 57 әлеуметтік маңызды жобаны келесі бағыттар бойынша іске асырды:

- 1) леуметтік және медициналық секторда көмек көрсету;
- 2) Медианы дамыту, мәдени қоғамдастықты, адами әлеуетті дамыту, еңбек қатынастарын нығайту және қоғамның тұрақты дамуына инвестиция тарту;
- 3) "Менің өлім" әлеуметтік инвестициялар бағдарламасын іске асыру.



**Балалар церебралды  
сал ауруы бар 1627  
бала "Қасиетті жол"  
ҚҚ қорымен бірлесіп  
іске асырылатын  
"Дені сау балалар"  
жобасының  
арқасында тегін  
оңалтудан өтті**

Жоба 2015 жылдан бастап іске асырылуда.



**Әлеуметтік  
кәсіпкерлікке  
96 грант бөлінді**

«ӘREKET» жобасы көптеген оң пікірлер алды. 180 коммерциялық емес ұйымның 265 өкілі әлеуметтік кәсіпкерлік негіздерін оқыды. Жалпы 96 грант бөлінді.



## 1200 ҰОС АРДАГЕРІ АТАУЛЫ КӨМЕК АЛДЫ

«Samruk-Kazyna Trust» балаларға бағытталған жобаларды іске асыра отырып, елдің ересек тұрғындары туралы ұмытпайды. Ерекше ықылас ҰОС ардагерлеріне көрсетіледі. 2018 жылы оларға 4770 волонтерлік рейд ұйымдастырылды. 1200 ҰОС ардагерлері мен тыл

еңбеккерлері азық-түлік, дәрі-дәрмек, тазалау түрінде атаулы көмек алды. Сонымен қатар, ҰОС қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ тыл еңбеккерлеріне жыл бойы Қазақстан мен ТМД елдері бойынша теміржол көлігімен тегін жол жүру ұсынылады.







# Менің Елім







# Менің елім



## «Samruk-Kazyna Trust» / Менің елім

### Жобаның географиясы:

Ақтөбе, Ақмола, Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Түркістан облыстары және Шымкент қаласы

### Жобаның мақсатты тобы:

ҚР азаматтары

2016 жылдан бастап «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорымен «Менің елім» Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы жүзеге асырылады. Аталған Бағдарлама «Самұрық Қазына» АҚ компаниялар тобы қатысатын өңірлерде Әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған. Бағдарлама Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту және жергілікті халықтың өмір сапасының жоғары деңгейі - Әлеуметтік орта, білім, мәдениет және спортқа қол жетімділігін кеңейту арқылы жүзеге асырылады. «Менің елім» бағдарламасы Қордың

компаниялар тобы бар аймақтардағы өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған бірқатар жобаларды біріктірді, онда еншілес компаниялар өңірді қалыптастырушы болып табылады.

Мұндай жобалар «Медициналық пойыздар», «SportFEST», «Туған елге саяхат» балалар туристік пойызы», «Әмбебап спорт және балалар ойын алаңдарын орнату», «ӘРЕКЕТ» Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту және басқалар.

Бағдарламаның басты миссиясы өңірлердегі өмір сүру деңгейін Астана және Алматы қалаларындағы өмір сүру деңгейіне дейін арттыру болып табылады.



## Бағдарламаны іске асыру бағыттары

- Өңірлердің Әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту
- Аймақтың тарихи-мәдени мұрасын жаңғырту
- Азаматтық бастамаларды қолдау арқылы жергілікті қоғамдастықтарды дамыту
- Салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру

## Іске асырудың мақсаттары мен міндеттері

### Мақсаттары

Әлеуметтік инвестицияларды тиімді басқару

Өңірлерде қоғам және билікпен ынтымақтастықты дамыту


### Міндеттері

Әлеуметтік инвестициялардың тиімді модельдерін әзірлеу


Құнды бағдарларды ілгерілету: қамқорлық, адалдық, ортақтастық, табыс

"Самұрық-Қазына" АҚ компаниялар тобының қызметкерлерін Әлеуметтік жобаларға қатыстыру

Жастар мен қарт адамдардың қоғамдық өміріге белсене қатысуы үшін жағдай жасау



# Жүзеге асыру орындары





## 1 Әмбебап спорт және балалар ойын алаңдарын орнату

Жоба халықтың физикалық денсаулығын нығайтуға, белсенді демалысын ұйымдастыруға, балалар мен жастардың бос уақытына қажетті әмбебап спорт және ойын алаңдарын құруға бағытталған.



Осы жобаның арқасында еліміздің шалғай аудандарының тұрғындарында тәулік бойы спортпен айналысу мүмкіндігі пайда болады. Салауатты өмір салтын насихаттау біздің қызметтің өзекті бағыттарының бірі. Ал әмбебап спорт алаңдарын орнату жас ұрпақты спортпен айналысуға тарту мен салауатты өмір салтын ұстануға бағыттайтын тағы бір қадам ғи

- Дмитрий Куликов, жоба менеджері

## 2 10 жалпы білім беретін мектепті компьютерлермен жабдықтау Жаңаөзен қаласы

Жоба 10 жалпы білім беретін мектепті компьютермен жабдықтау арқылы Жаңаөзен қаласының жалпы білім беретін мектептерінің материалдық-техникалық базасын құруға және жақсартуға бағытталған (Жаңаөзен қ.).

Әр мектеп оқушыларға арналған 12 және мұғалімге арналған 1 компьютерден алды. Сатып алынған компьютерлер оқушыларға жаңа оқу жылында көбірек білім алуға көмектеседі. 5-11 сынып оқушыларын қамтыған жабдықталған мектептердегі оқушылар саны 8400-ден астам. Сонымен қатар, бірқатар мектептер 3-ші сыныптан «Информатика» пәнін қосуды жоспарлап отыр.

## 3 10 workout-алаң орнату Жаңаөзен қаласы

Жоба халықтың физикалық денсаулығын нығайтуға, белсенді демалысын ұйымдастыруға, балалар мен жастардың бос уақытына қажетті әмбебап спорт және ойын алаңдарын құруға бағытталған.



# Ілияс Беқен

15 жас, Павлодар қ.



Менің атым Ілияс, жасым 15-те. Мен Павлодар қаласында тұрамын. Жалпы білім беретін мектептің 9 сынып оқушысымын. Болашақта мен медиа саласында қызмет еткім келеді. Бірақ әлі нақты кім болатынымды шешпедім, журналист немесе фотограф. Қазір мен өзімнің болашақ мамандығыммен байланысты барлық нәрселерді зерттеп жатырмын, оқу мен қосымша сабақтардан бос уақытымда түрлі үйірмелер мен мастер-класстарға қатысамын. Сонымен қатар, мен спортпен де айналысамын, өйткені, менің ойымша, салауатты өмір салтын ұстану өте маңызды. Менің арнайы залға баруға мүмкіндігім бола бермейді, бірақ біз достарымызбен бұл жағдайдан шығудың жолын таптық. Өткен жылы біздің үйдің жанында жаңа спорт алаңын орнатты. Онда футбол алаңы да бар.



Қыс түскенде тұрғындар алаңды хоккей кортына тиісті құралдармен жабдықтады. Бұл тамаша ой, өйткені біздің Павлодарда қыс шамамен 5 айға созылады. Футбол алаңынан басқа онда балаларға арналған ойын алаңы да бар. Күн жылыған кезде маңайдың барлық балалары осы жерге ойнауға жиналады, әрине барлығы жаңа карусельдермен ойнап, аркан конструкцияларда өрмелеп көргісі келеді. Бірақ мен және менің достарым workout-алаңды таңдадық. Ол жерде жаттығулар жасауға да болады, тіпті арамызда кішігірім жарыстар ұйымдастыруға да болады. Менің ойымша, бұл спортзалдың тамаша баламасы. Мен бізге, жастарға, осындай қамқорлық көрсетіп жатқан адамдарға алғыс айтқым келеді. Осындай алаңдар салып жатқандарыңызға үлкен рахмет, біздің қаламызда және елімізде осындай алаңдардың саны көбее түседі деп үміттенемін.



*Менің арнайы залға баруға мүмкіндігім бола бермейді, бірақ біз достарыммен бұл жағдайдан шығудың жолын таптық. Өткен жылы біздің үйдің жанында жаңа спорт алаңын орнатты. Онда футбол алаңы да бар.*





# ӘРЕКЕТ

«Samruk-Kazyna Trust»

## Жобаның географиясы:

Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Түркістан облыстары және Шымкент қаласы

## Жобаның мақсатты тобы:

Коммерциялық емес ұйымдар

Жоба коммерциялық емес ұйымдар арасында Әлеуметтік кәсіпкерлікті мына жолдармен дамытуға бағытталған:

- 1) Кәсіпкерлік негіздерін оқытуға және бизнесті жүргізу дағдыларын дамытуға;
- 2) Байқау негізінде гранттар беру;
- 3) 9 ай көлемінде бизнес-кеңесшілер мен тәлімгерлердің қолдауы мен мониторингі арқылы олардың тұрақтылығын арттыру.



«ӘРЕКЕТ» жобасы қазақстандық КЕҰ үшін қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етудің жаңа моделі болып табылатын әлеуметтік кәсіпкерлікті тәжірибе жүзінде зерттеп және тексеріп көруге КЕҰ-ға өте жақсы мүмкіндік берді. Жобаға қатысушылар әлеуметтік кәсіпкерлік зертханасында болып, өз көзқарастарын өзгертіп, өздеріндегі әлеуметтік мәселелерді тұрақты шешудің жаңа жолдарын пайдаланып көрді»

- Жанар Жақсылықова, жоба менеджері.

# Жетістіктер

180


коммерциялық емес ұйымның 265 тыңдаушысы Әлеуметтік кәсіпкерлік бойынша білім алды

96

коммерциялық емес ұйым Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту гранттарына ие болды

start

грант иегерлері жобаны іске асыруға кірісті



Грант иегерлеріне 2 вебинар өткізілді

Жобалардың жүзеге асырылуы БАҚ-да және Әлеуметтік желілерде жарияланады

*Гранттар коммерциялық емес ұйымдарға әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту немесе іске қосу үшін беріледі*



## Роза Кусаинова 55 жас, Павлодар қ.

Роза Сатвалдиновна бүкіл Павлодар облысына танымал тәжірибелі массажист, церебралды сал ауруы бар балалармен жұмыс жасайтын дефектолог ретінде танымал. Ата-аналар бұл кісіге кәсіби массаж үшін ғана емес, сонымен қатар қолдау сөз есту үшін де келеді. Роза Сатвалдиновна әр балаға ерекше тәсіл таба біледі. «Алайда кез-келген ұқыпсыз әрекет ету, баланың жағдайын нашарлатып жіберуі мүмкін. Сондықтан біз ешқашан асығыстық жасамаймыз, бірте-бірте баланың аяқ-қолымен жұмыс жасап бастаймыз», - дейді ол. Оның массажист ретінде қызметі осыдан 20 жыл бұрын өзі церебралды сал ауруына шалдыққан баланың анасы атанған кезде басталды. Жас анаға бұл диагноз сол кезде өте ауыр тисе де, үміт үзіп, қиындыққа мойынсұну Роза Кусаинованың мінезіне жат болды. «Біз көптеген дәрігерлерге жүгініп, оңалту орталықтарының бірінен соң біріне бардық. Кейін ұлым Айтымға көмектесіп, үйде де осы жаттығуларды жасау үшін мен әр маманның қасында



тұрып, олардың жасаған жаттығуларын жаттап алуға тырыстым», - дейді Роза. Ол баласына үлгі болу үшін уақыт өте келе гимнастикамен айналысады. Айтым да анасына қарап кейін спортқа қызығушылық таныта бастайды. 2018 жылы Айтым анасымен бірге «ӘРЕКЕТ» жобасының қатысушысы атанып, тренингтерді ойдағыдай аяқтады және жобаларын қорғап, грант жеңіп алды да, массаж кабинетін ашты. Кабинетте Роза Кусаинова ақылы қызмет көрсетумен қатар, халықтың Әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларға тегін түрде де қызмет көрсетеді. «Алда әлі көп жоспарларымыз бар, оларды жүзеге асыру үшін көп жұмыс істеу қажет», - дейді Роза Кусаинова.



# Гүлмира Байтақұлова

44 жас, Орал қ.

Гүлмира 1995 жылы мектепті аяқтап, жоғарғы оқу орнына түсуге кетеді. Жас түлек университетке түсуді, жоғары білім алуды, жұмысқа тұруды армандайды ...

Алайда бұл армандар орындалмады. Қалаға барар жолда Гүлмира көлік апатына ұшырап, омыртқа жарақатын алады. Кейінгі төрт жыл бойы Гүлмира қозғалу функцияларын қалпына келтіру бойынша оңалтудан өтеді. Жол апатынан кейін 5 жыл өткен соң 2000 жылы Гүлмира АПТУ-13 –ке бухгалтер курсына түсіп, 2001 жылы жүргізуші курсы, 2002 жылы тігінші курсы, тағы бір жылдан кейін шаштараз курсы аяқтап шығады. Бұның бәріне Гүлмира арбада отырғандығына қарамастан қол жеткізді. Жоғарғы білім алуға деген ұмтылысын жоғалтпай, ол көп ұзамай бұл арманға да қол жеткізді – Гүлмира М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан гуманитарлық университетіне педагог-психолог мамандығы бойынша оқуға түсті. Сонымен қатар Гүлмира қоғамдық өмірге де белсене араласып жүрді. 2009 жылы бастамашыл топпен «АРБА» тірек-қимыл аппаратының функциясы бұзылған мүгедек азаматтарды қолдау қоғамы» Қоғамдық бірлестігін ашады. Ұйымның миссиясы – тірек-қимыл



аппаратының функциясы бұзылған адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау. Тірек-қимыл аппаратының функциясы бұзылған адамдардың белсенді кедергісіз өмір сүруі үшін жағдай жасауға көмектесу. «АРБА» ҚБ 2018 жылы жазда «ӘРЕКЕТ» грантын иеленді. Бұл қаражатқа олар мүгедектер арбалары мен техникасын жөндеуге арналған жабдықтар сатып алды. Бүгінгі таңда жоба халыққа Әлеуметтік көмек көрсету арқылы сәтті жұмыс жасап жатыр.





Әлеуметтік

және

медициналық

секторды

қолдау



# Жеңіс

«Samruk-Kazyna Trust» / «Ардагерлер ұйымы» РҚБ

**Жобаның географиясы:** Қазақстан Республикасы  
**Жобаның мақсатты тобы:** ҰОС ардагерлері мен тыл еңбеккерлері

Жоба еріктілер рейдтерін ұйымдастыру арқылы Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне және тыл еңбеккерлеріне Әлеуметтік қолдау көрсетуді көздейді, сонымен қатар жастар арасында патриотизмді дамыту, Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің тұрмыс жағдайын жақсарту, Отан қорғаушыларын мәңгі есте сақтау, ұлттар арасындағы бейбітшілік пен достықты нығайту, мемлекеттік органдардағы ардагерлердің мүдделерін қорғау іс-шараларын өткізу мақсатында ардагерлік белсенділердің жұмысын ұйымдастыруға бағытталған.

Жеңіс - Қазақстан қоғамының патриоттық рухын нығайтуға, рухани-адамгершілік құндылықтарды таратуға, тарих пен ардагерлердің ерліктеріне құрметпен қарауға бағытталған республикалық ауқымдағы жоба.

Ардагерлерге үздіксіз қамқорлық көрсету мен Қазақстан Республикасында тұратын барлық ҰОС қатысушыларына жыл бойы атаулы және материалдық көмек көрсету насихатталады.

Көрсетілетін көмек түрлері:

- тұрмыстық үй жинау, үй шаруашылығына көмектесу;
- дәрігерге баруға көмектесу;
- дәрі-дәрмек пен азық-түлік өнімдерін сатып алу;
- ас пісіру;
- басқа да көмек түрлері.



*Үлкендерге, атап айтқанда, Ұлы Отан Соғысының ардагерлеріне қамқорлық жасау – әрқайсымыздың қасиетті борышымыз деп ойлаймын. Біздің ардагерлер - бұл шынайы тарих. Олар өз денсаулықтарын, жастығын біздің төбеміздегі бейбіт аспан үшін құрбан етті”*

- Бекзат Кеңесова, жоба менеджері

# Жетістіктер

## 1357

ҰОС ардагері атаулы көмекпен қамтылды

## 31

қалада 4770 волонтерлік рейд өткізілді

## 513

волонтер жұмылдырылды

ҰОС ардагерлерін қолдауға бағытталған **47** іс-шара жүргізілді;

## 888

рейд «Самұрық Қазына» АҚ-мен бірлесе өткізілді

2018 жылдың 1 мамыры мен 31 желтоқсаны аралығында «Жеңіс» жобасы аясында акция ұйымдастырылды. Оның арқасында ҰОС қатысушылары мен мүгедектері Қазақстан мен ТМД елдері бойынша тегін сапарға шығу мүмкіндігіне ие болды



 - @zhenysproject

 - @zhenys.kz

Аяжан  
Құрманова  
21 жас, Павлодар қ.



-Мен Жеңіс туралы ойлағанда, оның қандай үлкен еңбекпен келгенін түсінемін. Біздің аталарымыз бен әжелеріміз қаншама қиындық пен көз жасына қарамастан, біздің жарқын болашағымыз үшін күресті. Біздің батырларға алғыс ретінде ең аз дегенде жасай алатынымыз ол – оларға кішкене жылулық пен қуаныш, көмек пен көңіл сыйлау деп ойлаймын. Ардагерлердің ұзақ әрі қиын өмір жолында олар үшін барынша ыңғайлы тұрмыс жағдайын жасау маған өте маңызды. Әрине, әркімнің қажеттілігі әртүрлі: біреуге үй жинау, біреуге азық-түлік әкеліп беру, ал кейбір ардагерлерге жай ғана бірге отырып, дастархан басында әңгімелесу де көп қуаныш сыйлайды. Мысалы, мен бәріне

қарағанда ардагерлерге барып ас әзірлеп, олардың соғыстағы оқиғаларын тыңдағанды жақсы көремін. Ардагерлердің сеніміне ие болу үшін, жоба волонтерлері оларға алдын-ала хабарласып, нақты қай уақытта келетіндерін айтып қояды.





Еріктілердің жейдеде болуы өте маңызды, өйткені ардагерлер олардың келбеттерін есте сақтап қала алмайды, олар жейденің ашық түсі мен ондағы жұлдыз белгішесін бірден таниды. Және әрине ардагерлерге бір рет барып қана қоймай, ай сайын барып тұру да өте маңызды: оларға жиі барып тұрғанда, ардагерлердің сенімі арта түседі. 2016 жылы «Жеңіс» жобасының аясында «Ардагерге хат» акциясы ұйымдастырылды. Қазақстандықтар соғыс ардагерлеріне алғыс сөздерін, өлеңдерін арнап жолдады. Жоба еріктілері 2017 жылы Қазақстанның 22 қаласына 1100 хат жолдады. Оларға хаттарды оқыған кезде ардагерлер еліміздің түкпір-түкпірінен келген алғыс сөздерді естіп, көздеріне жас алды. Бұл менің мәңгі есімде қалатын ерекше тәжірибе болды.



*Ардагерлердің ұзақ әрі қиын өмір жолында олар үшін барынша ыңғайлы тұрмыс жағдайын жасау маған өте маңызды*

# Әртүрлі және тең

«Дара» ЖҚ

**Жобаның географиясы:** Жобаның мақсатты тобы:

Қазақстан Республикасы Арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалар және олардың ата-аналары

Арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін тең мүмкіндіктер жасау арқылы Қазақстанда инклюзивті қоғамды ілгерілету.

Жоба білім беру мен дамуға қол жеткізуде мүмкіндігі шектеулі балалардың мүмкіндіктерін кеңейтуге, елде инклюзивті білім беруді тиімді енгізуге және қоғамда мүгедек балаларға арналған психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерін ашу арқылы мүмкіндігі шектеулі адамдарға оң қарым-қатынасты қалыптастыруға, оппозициялық-көңіл аудартатын бұзылулары бар балалармен жұмыс істейтін мамандардың біліктілігін арттыру, жұмыс істеп тұрған ППТК ресурстары мен әлеуетін пайдалана отырып, жалпы білім беру ортасына оппозициялық-көңіл аудартатын бұзылулары бар балалардың инклюзия моделін дамытуға бағытталған.



*«Дені сау қоғам – ол барлығының мүмкіндіктері тең қоғам. Бұл құндылықтарды біз балаларға инклюзивті білім беруді енгізу арқылы мектеп қабырғасынан бастап көрсетуіміз керек»*

- Әсет Қылышбаев, жоба менеджері

# Жетістіктер

Қормен серіктестік нәтижесінде бүгінгі таңда Астана, Қарағанды, Көкшетау, Өскемен, Шымкент, Тараз, Петропавл, Орал және Семей қалаларында 10 жаңа түзету кабинеті ашылды.

Жыл сайын **150** бала Шымкент және Семей қалаларында жаңадан ашылған әр ППТК-дан көмек ала алады

Төмендегі қалаларда инклюзивті білім берудің **Ресурстық орталықтары** мен **ППТК** ашылды:



2018 жылы жоба аясында:

1) Шымкент және Семей қалаларында ППТК-нің ресми ашылуы болды, әр кабинеттің қызметімен жыл сайын шамамен 150 бала қамтылады;

2) Инклюзивті білім берудің Ресурстық орталықтары ашылды:

Астана қ. (13 бала жалпы білім беру процессіне қосылды):

-15.05.2018 ж №19 ОМ базасында;

-01.09.2018 ж №41 ОМ базасында (жартылай СҚТ қаражатына)

-01.09.2018 ж №59 ОМ базасында (жартылай СҚТ қаражатына)

Ақтөбе қ. (14 бала жалпы білім беру процессіне қосылды):

-23.05.2018 ж №1 ОМ базасында;

-01.09.2018 ж №3 ОМ базасында.

 - @fonddara

 - @fonddara





## Темірбаева Сабина 7 жас, Ақтөбе қаласы.

Сабина – отбасында қалаулы және көптен күткен бала. Ол уақытынан бұрын, 33-ші аптада дүниеге келді. Кенеттен басталған босану, перзентханаға жол, операцияға дайындық – есеп секундқа өтті. Әлі туылмаған Сабина анасының құрсағында тұншығып, оған ауа жетпеді. Дәрігерлер қызды құтқарып үлгерді, бірақ келесі 5 күн бойы ол өкпені жасанды желдету аппаратына қосылды. Сабина тек 6 күні өздігінен дем ала бастады. Жеті айға дейін бала өсіп, қалыпты дамыды, бірақ ол 8 айға толғанда – анасы алаңдай бастады: бала отыра алмады. Асфиксияның салдары біліне бастады және бұл аяқтың әлсіз тонусы арқылы білінді. 2 жасында сәбиге церебралды сал ауруы – аяқ-қолдың спастикалық

диплегиясы диагнозы қойылды. Ата-ана үшін бұл диагноз аспаннан жай түскендей болды. Бірақ бұл Темірбаевтар отбасының рухын бұзбады. Олар күшейтілген оңалтудан және емдеуден өте бастады.. Мектепке баратын уақыт келген кезде, Сабинаның ата-анасы оны Ақтөбе қаласындағы психологиялық-педагогикалық түзету кабинетіне мектепке дейінгі дайындыққа берді. Ол жерде қыз бала ЕДШ, музыкатотерапиямен айналысып, логопед, психолог, дефектолог сияқты мамандармен жұмыс жасап, жалпы массаж курсы алып отырды. Сабина тіпті «Тоника» халықаралық конкурсының жеңімпазы болған шулы




оркестрдің қатысушысы болды. ППТК мамандарының кеңесімен Сабинаның ата-анасы оны жалпы білім беретін мектепке беруге шешім қабылдады және 2018 жылдың 1 қыркүйегінде Ақтөбе қаласының №3 орта мектебі базасында құрылған инклюзивті білім беру Ресурстық орталығы біздің кейіпкеріміз үшін өз есігін ашты. Мектеп бағдарламасынан бөлек, қыз бала логопед, психолог, дефектолог мамандардан сабақ алуды жалғастырады. Сабина әрқашан назарда болып, оның көптеген достары пайда болды. Ата-анасы дұрыс шешім

қабылдағанын және олардың қызының да басқа құрдастары сияқты тең мүмкіндіктерге ие екенін түсінді. Және Темірбаевтардың барлық тату отбасы олардың қызы міндетті түрде аяққа тұрып, сыныптастарымен бірге жүгіріп ойнап кететініне сенімді!



*Ата-анасы дұрыс шешім қабылдағанын және олардың қызының да басқа құрдастары сияқты тең мүмкіндіктерге ие екенін түсінді*



# Дені сау балалар

«Қасиетті жол» ҚҚҚ

**Жобаның географиясы:** Жобаның мақсатты тобы:

Қазақстан Республикасы Церебралды сал ауруы диагнозы бар халықтың Әлеуметтік осал топтарының балалары

Жоба жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, толық емес, аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға оңалту курстарын ұйымдастыру арқылы тегін оңалту көмегін көрсетуге бағытталған.

2018 жылы Samruk-Kazyna Trust және фандрайзинг қаражаты есебінен 3 оңалту орталығында (ОО) **1627 бала оңалтудан өтті.**

Сондай-ақ 2018 жылы қосымша тартылған 90 млн. теңге де балаларды оңалтуға жұмсалды. 2018 жылғы 8 қарашада Шымкент қаласында «KZhol Shymkent» ОО ашылуына арналған қайырымдылық кеші өтті, және оның аясында қайырымдылық аукцион ұйымдастырылды. Аукцион нәтижесі бойынша 15 000 000 теңге жиналып, ол қаражат оңалту орталығы ғимаратының ең төменгі қабатында жаңа емдеу кабинеттерін ашу үшін жөндеу жұмыстарына жөнелтілді.



*Жобадағы балалармен жұмыс істеу өмірді бақалауды үйретті. Оны барымен бақалауды. Қарым-қатынас мүмкіндігін бағалауды. Ол қаншалықты маңызды! Ең бастысы, жұмыс мені табысты бөлмеуге үйретті. Өйткені әрбір табыс өзінше мағыналы”*

- Айнұр Нұрхожаева, «Қасиетті жол» ҚҚҚ реабилитациялық орталығының бас дәрігері



# Жетістіктер

| Оңалтудан кейінгі дағдылар | «Қасиетті жол» ОО<br>Астана қаласы<br>(600 бала) | «KZhol Shymkent» ОО<br>Шымкент қаласы<br>(600 бала) | «Балалап» ЕАО<br>Астана қаласы<br>(427 бала) |
|----------------------------|--|---|--|
| Басын ұстауды үйренді      | 37   | 38  | 39   |
| Қолмен ұстауды үйренді     | 17   | 29  |  |
| Өз бетінше отыруды үйренді | 38   | 54  | 66   |
| Төрттіктеп тұруды үйренді  | 25   | 37  | 78   |
| Өз бетінше жүруді үйренді  | 33   | 23  | 24   |
| Сөз айтуды үйренді         | 115  | 75  | 15   |



2018 жылдың 27 желтоқсанында Samruk-Kazyna Trust Жаңа жыл қарсаңында Қор серіктестері мен қызметкерлері қатысқан Әлеуметтік шеберхананы ұйымдастырды. Қонақтар мен ұйымдастырушылар «Замандас 21» отбасылық-аула клубында жиналып, өз қолдарымен бұйымдар мен кәдесыйлар жасап, сыйлық пакеттерін жинап, «Қасиетті жол» ОО балаларына мерекелік ертеңгілік ұйымдастырды.

 - @kzhol\_charityfund


 - @kzholcharityfund



## Кенәтебек Жанерке

13 жас, Астана қ.

Жанерке ауыр дәрежедегі спастико-гиперкинетикалық нысандағы церебралды сал ауруымен ауырады. Оған арбада отыру қиын, ал қолдары әрдайым оның қалауына бағынбайды, аяқтары кейде қатты тырысады. «Қасиетті жол» оңалту орталығында оған ең бірінші өзін және денесінің ерекшеліктерін білуді үйретті. Арбада еркін отыруды үйренді, себебі ол тәуліктің көп бөлігін сонда отырумен өткізді. Қыз 13 жаста. Және оның мектепке баруға деген ниеті күн санап еселене түсті. Бірақ болашақта оның тек үйде оқуға мүмкіндігі болды. Оңалту орталығының дәрігерлері Жанеркенің арманы жайлы біліп, қыздың арманын іске асыру үшін әрекетке көшті. Бірінші кезекте бірқатар тексерулер




жүргізіліп, оның интеллектуалдық қабілетінің сақталғанын анықтады. Команда оны мектепке дайындау үшін онымен жұмыс істеуді шешті. Жанеркені әліпбиге, планшетте теріп жазуды, жыл мезгілдерін ажырата алуды, сюжет бойынша суреттерді реттеуді және көзқарасымен дұрыс жауаптарды көрсете білуге үйретті. Кейін оны түзету мектебіне орналастыру мәселесін шешетін уақыт келді. Қор Президентінің көмегімен Жанеркені сұхбаттасуға және мектепке тексерілуге шақырды! Мектепте Жанеркемен үш айдан астам уақыт бойы «Қасиетті жол» оңалту орталығында жұмыс жасалғанын білгенде, олар: «Иә, егер мамандар үміт артса, олар оған сенеді» деді. Мектеп маманы шығып Жанеркенің бірінші сыныпқа қабылданатынын,

өйткені оның көп дүниелерді білетіндігін, оның ақылды қыз екенін айтқан кезде біздің қуанышымызда шек болмады. Бұл жаңалық әкесіне жеткен кезде ол келесі күні бірден қызына мектеп формасын сатып алды». Біреулерге мектеп формасы – бұл қарапайым атрибут, ал біздің қыздың ата-анасы үшін және оның өзі үшін бұл үлкен жетістік, бұл орындалған арманның символы! Ол бірінші сыныпты бітірді, содан кейін мектептің педогогикалық кеңесінде оны төртінші сыныпқа ауыстыру туралы шешім қабылданды.



*Біреулерге мектеп формасы – бұл қарапайым атрибут, ал біздің қыздың ата-анасы үшін және оның өзі үшін бұл үлкен жетістік, бұл орындалған арманның символы!*





# Балалар арналынан қамқор үй

«SOS Қазақстанның балалар ауылдары» КҚ

**Жобаның географиясы:**

Қазақстан Республикасы

**Жобаның мақсатты тобы:**

18 жасқа толмаған балалар

Жоба қоғамның толық құқықты азаматтарын жан-жақты дамыту және тәрбиелеу мақсатында Астана, Алматы, Теміртау қалаларындағы SOS-балалар ауылдарында тұратын жетім балаларға ұйымдастырушылық, қаржылық, қайырымдылық көмек көрсетуге бағытталған.

Жоба аясында SOS Балалар ауылдары құрылды, онда балалар SOS-ананың қамқорлығы мен жан жылуын алады, ал оның ерекше бақылауы мен үлкен шыдамдылығы мамандар командасына тәрбиеленушілердің мықты жақтарын қарап, үздік қасиеттерін дамытуға көмектеседі.

Балалар ауылы 10-12 отбасылық үйлерден тұрады. Әрбір отбасы жеке үйде тұрады. Бұл ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеуді көздейтін отбасының ерекше түрі.



*Біздің отбасын қолдау орталықтарының артықшылығы алдын алу, яғни баланың отбасынан бөліну себептерін жою болып табылады. Профилактика отбасының рөлін күшейтуді, ата-ана дағдылары мен өмір сапасын арттыруды және балалардың әл-ауқатына ықпал ету дегенді білдіреді. Мұндай қызметтер кешені тиімді жұмыс істейді, нәтижесінде бала отбасында қалады немесе оған қайтарылады”*

- Мария Чернова «SOS Қазақстанның балалар ауылдары» КҚ  
Бағдарламалық даму департаментінің директоры

# Жетістіктер

700

жетім бала SOS-Балалар ауылында үй мен ата-ана қамқорлығын алуға мүмкіндік алды

258

отбасы Отбасын қолдау орталығының қызметін пайдаланды

38

бала өмірлік қиын жағдайға тап болған әйелдерге арналған "Асар" ана мен бала орталығымен (Алматы қ.) қамтылды

Өмірлік қиын жағдайдағы **1306** отбасы психологиялық, Әлеуметтік және құқықтық көмек алды


104

бала мектепке дейінгі және қосымша білім беруге арналған балаларды дамыту орталығына барады

**оның 46%-ы тегін негізде**



 - @soskinderdorfkz

 - SOS Children Villages Kazakhstan



# Чистякова Ирина

55 жас, Теміртау қ.



SOS Теміртау балалар ауылының отбасын қолдау орталығына әр түрлі адамдар келеді, олардың әрқайсысының өзіндік ерекше оқиғасы бар, алайда оларды ортақтастыратын бір нәрсе бар – олар бақытты болуға ұмтылатын отбасылар, онда ересектер балаға ең жақын, қамқор және сүйікті адам болуға тырысады. Ирина - екі ересек баланың анасы, өте жылы, керемет және сонымен қатар өзін және жақын адамдарын қорғай алатын адам. Қазір ол белгілі бір жағдайларға байланысты ата-анасының қамқорлығынсыз қалған немересін тәрбиелеуде. Оның немересі, Валера, жасының кішілігіне

қарамастан, өзін-өзі ұстай алады және өзін қорғай алатын бала. Оның ерте есеюіне тура келді, өйткені ата-анасы кезінде оған қарағанда өздерімен көбірек айналысты. Ирина Валераны қол астына алған кезде, бала 4,5 жаста еді. Валера санау білмеді, әріп танымады, түстерді жақсы ажырата алмады, көп дыбыстарды айта алмады. Бірақ Иринаны бұған қарағанда көбірек баланың алаңдаулы, мазасыз күйі қорқытты, ол балаға басынан өткен ауыр жағдаймен күресіп, барлық ауыртпалықты ұмытуға көмек көрсету керектігін түсінді. Сондықтан Ирина Отбасын қолдау орталығының көмегіне жүгінді.





Ирина – барлық бағдарламалардың белсенді қатысушысы: тренингтер, мастер-класстар, отбасылық бос уақыт бағдарламалары, арт-терапиялық сабақтар және Асырап алушы ата-аналар мектебінде білім алу – ол осының барлығына асқан жауапкершілікпен қарады, өйткені мұны ақылды, түсінігі мол ата-ана болу мүмкіндігі ретінде қабылдады. Валерамен бірге ол түрлі конкурстарға қатысты, сурет салып, ермек саз жасады, балаға ертегі құрастырып, әр түрлі тапсырмаларды орындайды. Ирина – жақсы ұйымдастырушы, және бос уақыт бағдарламалары кезінде жобаға қатысушы басқа да балаларды өз айналасына жинады. Осының бәрі Валераға өзінің әжесін мақтан тұтуға себеп болды, ол да көп тырысып, осы уақыт ішінде оны өз жетістіктерімен



қуанту үшін көп нәрсені үйренді. Олар – ересектер мен балаларға бірдей жақсы жағдай жасалған, бір-біріне деген қамқорлық, түсіністік пен құрметтеу, жылы қарым-қатынас және махаббатқа толы бір отбасы. Қазір Ирина тәрбиелеуші-ана позициясына әңгімелесудің бірінші кезеңінен өтті, болашақта ол басқа балаларға мейірімді және сенімді дос, қамқор және дана Әлеуметтік ана бола алады.

*Олар – ересектер мен балаларға бірдей жақсы жағдай жасалған, бір-біріне деген қамқорлық, түсіністік пен құрметтеу, жылы қарым-қатынас және махаббатқа толы бір отбасы.*



# Балалардың мүдделері үшін қозғалыс

«Замандас 21» ҚҚ

**Жобаның географиясы:**

Астана қаласы

**Жобаның мақсатты тобы:**

Астана қаласының аз қамтылған отбасыларының балалары мен жасөспірімдері

Жоба халықтың Әлеуметтік осал топтарынан шыққан балалардың бос уақытын тегін ұйымдастыруға және білім беру, спорт, музыкалық, шығармашылық үйірмелерде оқытуға, сонымен қатар, «Бақытты отбасы» клубында отбасыларға тегін психологиялық көмек көрсетуге бағытталған, және төмендегі мекен-жай бойынша орналасқан 3 аула клубын қамтиды:

- 1) Қошқарбаев көшесі, 44, жалпы аумағы 549,6 ш.м.;
- 2) Ш. Құдайбердіұлы, 28, жалпы аумағы 322,8 ш.м.;
- 3) Абай даңғылы, 92/2, жалпы аумағы 422,9 ш.м.



*Отбасылық аула клубын құру идеясы – біз үшін өте маңызды, бұл кішкентай ғана бақыт мекені болса да, одан мыңдаған балалар мен олардың ата-аналарын қуаттандыратын жарық шығады!*

- Ләззат Алшинова, «Замандас» ҚҚ директоры

# Жетістіктер

Астана қаласындағы 3 аула клубында халықтың Әлеуметтік осал топтарынан шыққан балалар мен отбасылар үшін қызмет көрсету:

Аула клубтарына баратын балалар саны

|                |                |             |
|----------------|----------------|-------------|
| <del>600</del> | <del>838</del> | <b>1530</b> |
| 2016           | 2017           | 2018        |

Үйірмелер мен секциялар саны

|               |               |           |
|---------------|---------------|-----------|
| <del>13</del> | <del>19</del> | <b>21</b> |
| 2016          | 2017          | 2018      |

Ұйымдастырылған іс-шаралар саны **53** оларға 2107 бала, 750 ата-ана және 50 қарт адам қатысты

**«Бақытты отбасы» клубына баратын ата-аналардың 90% отбасы қатынастарындағы оң өзгерістерді атап өтуде.**



 - @zamandas21

 - @ofzamandas



Надежда,  
Иван,  
Руслан Фарвазовтар  
10, 13 және 6 жас,  
Астана қ.


Балалар үшін жанында қамқор отбасы, сүйікті анасы мен әкесі бар болса әлем тамаша, бірақ өмір кейде бізге өте ауыр сынақтар жібереді. Мұндай жағдайға балалық шақта тап болған кезде, балаға оның ең жақын адамдарының ең қажет кезде оны тастап кеткендігінің себебін түсіндіру өте қиын. Дәл осындай оқиғаны Фарвазовтар отбасы да бастан кешірді. Бір жыл бұрын олардың сүйікті анасы өмірден озды. Балалар әкесінің қамқорлығында қалды. Ваня, Надя және Руслан үшін анасыз қиын күндер туды... Қиын кезеңде немерелерін қолдауға олардың әжесі – Флора Фатовна келді, ол жұмысын тастап, өз ұлына анасыз жетім қалған балаларын тәрбиелеуге көмектесуді шешеді. Анасы қайтыс болғаннан кейін балалардың тұйық, сенімсіз бола бастағанын байқаған әжесі олардың көңілін немен аулауға болатынын, бұл бала жүрегіне ауыр түскен жағдайдан қалай шығу керектігін



ойлай бастайды. Өкінішке орай, отбасында балаларды қандай да бір үйірмелер мен секцияларға жазуға мүмкіндік болмады. Әкелерінің табысы бұл мәселеден шығуға жеткіліксіз болды. Күндердің күнінде Флора Фатқызы Астанада «Замандас» отбасылық аула клубтарының бар екенін, онда үйірмелер мен секциялар тегін негізде өткізілетіндігін біледі. Әйелдің айтуынша бұл оның отбасы мен немерелері үшін үлкен жеңілдік болды. Ол үш немересін де аула клубына алып барып, балалар




ұнаған үйірмелерін таңдады. Осылайша Надя мен Руслан каратэ үйірмесіне, ал Иван болса робототехника курстарына қуана-қуана қатысып жүр. Айтпақшы, Надя өзінің алғашқы жарысында жеңімпаз атанып, күміс медаль мен диплом алды. Отбасы Надяның бұл жетістігін мақтан тұтады. Бүгінгі күні балалар клубқа қуана қатысып жүр, өз сабақтарын жақсы көреді, олардың мінезі ашық, өздері көпшіл бола бастады, бастысы олардың қазір армандары бар. Иван, Надя



және Руслан үшін «Замандас» аула клубы бақыт мекеніне айналды – ал клубтың дәл сол үшін құрылғандығы сөзсіз. Клубтың қызметкерлеріне келетін болсақ, олар мұндай сәттерде кішкентай «үлкен адамдар» үшін осы жерде және қазір жақсы іс агенттеріне айналады.

*Бүгінгі күні балалар клубқа қуана қатысып жүр, өз сабақтарын жақсы көреді, олардың мінезі ашық, өздері көпшіл бола бастады, бастысы олардың қазір армандары бар.*



# Жаз Шығарыс

Жазғы лагерь ұйымдастыру

«Замандас 21» ҚҚ

**Жобаның географиясы:** **Жобаның мақсатты тобы:**

Астана қаласы

Әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балалар

Жобаның мақсаты: Әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балалар үшін қала жағдайында жазғы демалысты ұйымдастыру. Жоба 4 балалар лагеріндегі Әлеуметтік осал отбасылардан шыққан 300-ден астам балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын ұйымдастыруға бағытталған:

- 1) Ғұмар Қараш к-сі, 3, Sabi ана мен бала клубы;
- 2) Желтоқсан к-сі, 7, Smart Active Kids балабақшасы;
- 3) №57 мектеп, Промышленный кенті, Шарбақты көшесі, 46;
- 4) №13 мектеп, Промышленный кенті, Шалкөде көшесі, 5.



## Жетістіктер

Астана қаласы халқының Әлеуметтік осал топтарынан шыққан 6-13 жас аралығындағы 300 балаға арналған 4 балалар лагері ұйымдастырылды.

Балалар лагерінің күнделікті бағдарламасына спорттық сабақтар, ойындар, викториналар, ағылшын тілін үйрену, арт-терапия және мәдени демалыс іс-шараларын өткізу, қаланың тарихи орындарына бару кірді.



2018 жылы 4 жазғы лагерьде жұмыс істеген қызметкерлердің жалпы саны 19 адамды құрады: 1 жетекші, 8 тәрбиеші, 4 аспаз, 4 аспаз көмекшісі, 2 ағылшын тілі мұғалімі.

 - @zamandas21

 - @ofzamandas



# Балаларға өмір сыйла

«МЕҚ» ҚҚ

**Жобаның географиясы:** **Жобаның мақсатты тобы:**

Қазақстан Республикасы Қазақстанда емделмейтін диагноздары бар 18 жасқа дейінгі балалар

«Балаларға өмір сыйла» жобасы Қазақстан Республикасында емделмейтін ауыр сырқатқа шалдыққан балаларға көмек көрсетуге бағытталған.



## Жетістіктер

326

- Өтініш келіп түсті

200

- Бала емдеуге жөнелтілді

2018 жылы тартылған қаражат сомасы -

422,5 млн. теңге



Әкімшінің  
Әлеуметтік желідегі  
парақшалары:

 - @miloserdie\_dom

 - @miloserdie.dom

«Балаларға өмір сыйла»

 - @mercy.volunteer.society

Жоба амбассадоры  
Аружан Саин

 - @aruzhan\_sain

 - @aruzhan.sain




## Пасыров Азамат 9 жас, Манжазен қ.

Азамат Мебиус Синдромы деп аталатын өте сирек кездесетін сырқатқа шалдыққан. Басқаша айтқанда, бұл беттің толық параличі. Оның толық мимикалық эмоциялары жоқ: бала күліп, қабағын түйіп, аузын кең аша алмайды. Сондай-ақ, оның тілі жартылай парализденген, соның салдарынан сөйлеу қабілеті бұзылған және көз алмасы да параличке шалдыққан, сондықтан көз оңға және солға қарау қозғалысында шектелген. Азамат өмірінің алғашқы күнінен-ақ уақытының көп бөлігін медициналық мекемелерде өткізген, бірақ дәрігерлер оған сол күйі нақты диагноз қоя алмады. Олардың болжамы бойынша, бала өмір бойы мүгедек болып қалуы керек еді. Дәрігерлердің




қорытындысына қарамастан, Азаматтың анасы қол қусырып отыруды жөн көрмеді. Ол ұлымен бірге емдеу курстарына барып, онымен жан-жақты жаттығулар жасап айналысты және соңында көптен күткен нәтижеге қол жеткізді: бір жас жеті айында Азамат жүре бастады, ал 1,5 жылдан кейін сөйледі. 2014 жылы бала қылилықты түзету бойынша пластикалық ота жасатты. Бірақ әзірге ол жұта алмайды, шайнай, көзін дұрыс жыпылықтата және күліп, анық сөйлей алмайды. Мұның бәрі көп ұзамай Азаматтың бет терісінің төмен қарай созыла бастайтынымен қауіпті. Барлық бет терісі қабағы мен бетін төмен тарта салбырап қалуы мүмкін...

Дәрігерлердің айтуынша, 2-3 жылдан кейін бұл процесс қайтымсыз болады, бірақ «Балаларға өмір сыйла» жобасының арқасында Азамат осындай диагнозы бар балаларды сәтті емдеп жүрген мамандары бар Ресей клиникасында емдеу курсына бастады. Олар баланың күлкісін қалпына келтіру үшін сол және оң жақ жамбастың жұмсақ бұлшық еттерін беттің оң және сол жағына ауыстырады. Нәтижесінде бет жанданып, ауыз және ерін барлық адамдардікіндей қозғала бастайды. Мимика пайда болады, оның арқасында бала ернін қысып, сөйлеу қабілеті жақсарады және күлімдей алады. Азамат бұл жолдың тек басында ғана, бірақ біз оның бұл қиындықтарды міндетті түрде жеңе білетініне сенімдіміз!



*«Балаларға өмір сыйла» жобасының арқасында Азамат осындай диагнозы бар балаларды сәтті емдеп жүрген мамандары бар Ресей клиникасында емдеу курсына бастады*





# Аутизмді жеңуге болады

«МЕҚ» ҚҚ

**Жобаның географиясы:** Жобаның мақсатты тобы:

Алматы қаласы

Аутизм диагнозы бар балалар және олардың ата-аналары

«Аутизмді жеңуге болады» жобасы аутистік спектр бұзылулары (бұдан әрі – АСБ) бар балалар өсетін отбасыларға көмек көрсетуге бағытталған.



## Жетістіктер

122

- консультация жүргізілді

45

- бала тұрақты түрде ем қабылдауда

2018 жылы алғашқы «Аңсау» инклюзивті футбол клубы ашылды. Футбол клубы «Назар жетіспеушілік синдромы», «Даму кедергілері» және «Аутизм» синдромы бар 9 баладан құралды. Қазіргі уақытта балалар бапкер Мұхтар Алимбаевтың командасымен бірге тұрақты түрде инклюзивті жаттығулар өткізіп жүр.



**Жоба мақсаты:** Дені сау балалармен тікелей ойын барысында координация мен қарым-қатынасты, назар аударушылықты жақсартатын футбол жаттығуларының көмегімен балалардың физикалық қабілеттерін жақсарту. Сау балалармен қарым-қатынас арқылы бала өз әлемінен шығып, дені сау балалармен тең болуға тырысады.



# Санжар Қадырбеков

9 жас, Алматы қ.



Санжар 2009 жылы 24 маусымда Алматы қаласында дүниеге келді. Қазір ол 10 жаста. Санжардың ата-анасы оның бойындағы аутизм белгілерін алғаш 2 жасында байқаған: бала оны шақырған кезде дыбыс бермеген, адамдарға көңіл аудармаған, оған қаратып айтылған сөзге жауап бермеген, көзге тура қарамаған, балалармен ойнамаған. 1 жасында бала өз бетінше жүріп үйренген, алайда оның қозғалысында кедергілер болады. Күндіз аз ұйықтаса да, күні бойы тоқтаусыз секіріп, жүгіруден тыным таппаған. Санжардың анасы оның тамақты таңдап жейтінін байқайды: күнде бірдей азық-түлік. Санжар ешқашан ойыншақтарға қатты қызығушылық танытпайды, ойнаса да тез қызығушылығы басылып қалатын. 2,5 жасында

Санжарды ата-анасы психолог, дефектолог, логопед мамандарға апара бастайды. Дәрігерлер оған «аутизм» диагнозын қояды. Ал бір жылдан кейін олар «Аутизмді жеңуге болады» жобасына келеді. Жоба өз нәтижелерін бірден берді: бірінші аптадан бастап Санжар өз атына жауап қайтаратын болды. Бірте-бірте Санжар ойынға қызығушылық танытып, айналасындағы дүниелерге көңіл аударып және күнделікті тұрмыстық дағдыларды игере бастады (еден жуу, шаң сүрту, үй сыпыру). Жан-жағындағы адамдарға назар аударып, түрлі

белсенді іс-шараларға қатысады (эстафета, ойындар, серуендер). Қазір баланың бойында үлкен өзгерістер байқалады. Ол «Аңсау» деп аталатын алғашқы инклюзивті футбол клубына қатысады. Әрине, баламен әлі көп жұмыс істеу керек, бірақ нәтижелер ата-анаға күш, үміт және тоқтап қалмай ары қарай жылжуға талпыныс береді.

*Жобаға қатысу өз нәтижелерін берді: бірінші аптадан бастап Санжар өз атына жауап қайтаратын болды. Бірте-бірте Санжар ойынға қызығушылық танытып, айналасындағы дүниелерге көңіл аударып және күнделікті тұрмыстық дағдыларды игере бастады*

# Жетім Балаларсыз Қазақстан

«ДОМ» ҚҚ

**Жобаның географиясы:** Жобаның мақсатты тобы:

Қазақстан Республикасы Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар

«Жетім балаларсыз Қазақстан» жобасы балаларды отбасына орналастыра отырып, проблемалық жағдайлар бойынша отбасылар мен асырап алынған балаларға заңдық қолдау көрсетуге бағытталған.



## Жетістіктер

**203** отбасы консультация алды

**24** бала отбасылық қамқорлыққа алынды

**3** бала асырап алынды



Әр жұма сайын «7 арна» телеарнасында «День Аиста» бағдарламасы шығып тұрады





## «День Аиста»

Бала есейген сайын оның жаңа отбасын табу мүмкіндігі азая түседі. Жұмыстың жеделдігі мен үрдістің ашықтығы балалардың тағдырын шешетін фактор болып табылады. Адамдар мен балалардың табысуына телеарна көмектесуі керек. «Жетім балаларсыз Қазақстан» жобасының аясында «День Аиста» бағдарламасы іске қосылды. Бағдарламаның концепциясы толыққанды отбасына ықтияжы бар,

кішкентай кезінен жетімдер үйіне түсіп қалған қазақстандықтар туралы әңгімелеу болып табылады. Сюжеттер эфирден соң [www.usynovite.kz](http://www.usynovite.kz) порталына және телеарна сайтына жүктеледі. «День Аиста» – бұл жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына орналастырудың барлық жолдарын насихаттау (асырап алу, патронат, қамқорлық)

# Медициналық пойыздар

"Әлеуметтік жобалар қоры" КҚ

**Жобаның географиясы:**

Қазақстан Республикасы

**Жобаның мақсатты тобы:**

Қазақстанның шалғай бекеттері мен жол айырықтарында тұратын тұрғындары

2010 жылдан бастап Қазақстанда медициналық пойыздар халыққа қызмет көрсетеді, олардың арқасында Қазақстанның ең алыс жерлерінің тұрғындары тегін медициналық көмек алу мүмкіндігіне ие болды. 2018 жылы екі медициналық пойыз іске қосылды: «Саламатты Қазақстан» және «Денсаулық» пойыздары. Әрбір медициналық пойыз көп бейінді медициналық көмек көрсету үшін, сондай-ақ персоналдың тұруы үшін жабдықталған сегіз вагоннан тұрды. Осы жобаның арқасында еліміздің шалғай өңірлерінің тұрғындары бірінші және жоғары санаттағы 10 маман дәрігерден тегін тексеруден өтіп, ем алды.



«Денсаулық» пойызы

**9 720 км**

жер жүріп өткен

Облыстар:  
Алматы,  
Түркістан,  
Қызылорда,  
Атырау,  
Маңғыстау

«Саламатты Қазақстан» пойызы

**7 640 км**

жер жүріп өткен

Облыстар:  
Қарағанды,  
Павлодар,  
Қостанай,  
Шығыс-Қазақстан

# Жетістіктер

42 306

тұрғын тексеруден өтті

оның ішінде

6 552

бала

## Статистика

192 195

дәрігерлік қабылдау

3 000

кішігірім хирургиялық операциялар

67 058

диагностикалық емшаралар

2 533

әйел маммологиялық тексеруден өтті

8 737

тұрғын стоматологиялық тексеруден өтті



 - @medpoezd.kz



# Күншуақ балалар лагері

«Ақтөбе қаласының әйелдерді қолдау орталығы» ҚБ

**Жобаның географиясы:** Жобаның мақсатты тобы:

Ақтөбе облысы

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар, олардың ата-аналары, педагогикалық және медициналық оқу орындарының студенттері

Жоба инклюзивтік балалар алаңын құруға және арнайы қажеттіліктері бар балаларды тұрақты жыл сайынғы түзету үрдістерімен қамтамасыз ету үшін «Күншуақ» (Алға қаласы, Ақтөбе облысы) балалар лагерін арнайы жабдықтармен (сенсорлық бөлмелермен, емдік дене шынықтыру кабинеттерімен, логопедтік және массаж кабинеттерімен) қамтамасыз етуге бағытталған.



## Жетістіктер

Әмбебап алаңнан (футбол/волейбол), хоккей/ролик кортынан, Workout алаңынан және көше тренажерларынан, балалар ойын алаңынан және ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған алаңнан тұратын инфрақұрылымның жалпы аумағы

**1982 ш.м**

*Ерекше балаларға арналған арнайы түзету және оңалту жабдықтары (сенсорлық бөлме, Монтессори кабинеті, жұмсақ бөлме және ЕДШ) сатып алынды, барлығы 64 түрлі атауы бар құрылғылар*

**241 бала**

2018 жылдың маусым мен қыркүйек аралығында қамтылған ерекше қажеттіліктері бар балалардың жалпы саны (3 ауысым)

**62 жұмыс орны**

дефектолог, логопед, медициналық қызметкерлер, ЕДШ инструкторлары кіретін арнайы штатты теру арқылы құрылған

Күздің басталуымен лагерьде жергілікті әкімдіктің қаражаты есебінен жылу өткізу жұмыстары басталды, жұмыс аяқталғаннан кейін лагерь жыл бойы жұмыс істейді. Бұл лагерь ерекше қажеттіліктері бар балаларды көптеп қамтуға, сондай-ақ ҚР басқа өңірлерінен балаларды қабылдау мүмкіндігін арттыруға жол береді.

Адамн

длецейтї

датытц








# «Сенің таңа қырың!» челленджі

«Бірінші болу батылдық»

**Жобаның географиясы:**  
Қазақстан Республикасы

**Жобаның мақсатты тобы:**  
Қазақстан азаматтары

Жоба салауатты өмір салтын насихаттауға және спортпен тұрақты шұғылдану әдетін қалыптастыру мақсатында 21 күн ішінде 30 минуттық дене жаттығуларын ұйымдастыру арқылы халықты күнделікті дене белсенділігіне тартуға бағытталған. Жоба қазақстандық спортшылар мен елдің Олимпиада чемпиондары, саяси және қоғам қайраткерлері, бизнесмендер, танымал актерлер, әншілер және басқа да ірі тұлғалардың қатысуымен, өскелең ұрпақ үшін үлгі ретінде іске асырылды.



ақпараттық қамту шамамен  
17 млн. қаралымды құрады

#drugoitly - 16 406 жазба

# Жетістіктер



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаев «Сенің жаңа қырың!» жобасын қолдау мақсатында, Қазақстан халқына бейнеүндеу жолдады. Ол Республиканың барлық жастағы тұрғындары үшін қарапайым дене жаттығуларымен шұғылдану үшін мықты мотивацияға айналды.

320 мың

адам шақырту алды

45%

толық 21 күндік  
циклден өтті

2%

спортпен айналысу  
әдетке айналды

## Жоба аясында ұйымдастырылған Әлеуметтік іс-шаралар:



Liked by sungat01 and 197 others  
drugoity Светлые детки из фонда «Кунбала» поддержали Challenge Другой ты!

30 мамыр күні «Сосновый бор» саябағында (Алматы қ.) «Күнбала» қоғамдық қорының «Күн балалары» үшін спорттық мастер-класс өтті



Liked by sungat01 and 372 others  
drugoity Достар, өте керемет болды! Жексенбі күні Тұңғыш Президент Саябағына келіп, "Спорт без границ" жобасындағы нашар көретін

13 маусым күні Тұңғыш Президент саябағында «Шекарасыз спорт» жобасына қатысушы нашар көретін балаларға арналған ашық жаттығу өтті



91 likes  
drugoity Challenge Сенің жаңа қырың! балаларға ерекше көңіл бөледі жалғастыруда. Осы жолы біздің жаттықтырушылар Алматы қ. балалар

19 маусымда Халықаралық Ислам бизнес қауымдастығымен бірлесіп футбол бойынша турнир өткізілді, оған SOS Алматы Балалар ауылының, есту қабілеті нашар балаларға арналған №1 мектеп-интернаттың, №1 облыстық балалар үйінің, мамандандырылған «Жанұя» кешенінің және «Нұр» қайырымдылық отбасылық балалар үйінің балалары қатысты



# Challenge

## #СеніңЖаңаҚырың

жобасын танымал спортшылар, саясаткерлер, эстрада және кино жұлдыздары қолдады



Қасым-Жомарт  
Тоқаев



Ахметжан  
Есімов



Кәрім Мәсімов



Арыстанбек  
Мұхамедиұлы



Ермахан  
Ибрайымов



Илья Ильин



Валихан Тен




Аружан  
Джазылбекова



Нұртас  
Адамбай



Дәуіт  
Шайхисламов



Айсұлу  
Әзімбаева



Мұрат  
Мұтырғанов

# Махмұтұев Артур

7 жас, Алматы қ.


«Сенің жаңа қырың!» жобасы туралы Артур Instagram желісі арқылы білген. Ол үш жасынан бастап спортпен белсенді айналысты, оның ата-анасы ұлдарының мықты әрі өзіне сенімді бала болғанын қалайтын, ал спорт, олардың пікірінше, рух пен ерік-жігерді шыңдайды. Жоба туралы білгеннен кейін Артур өзінің күш-жігерін тексеріп, өз құрдастарына үлгі көрсетуге бел буады: гаджеттермен уақыт өткізіп, омыртқа мен көру қабілетін нашарлатқанша, спортпен айналысып, нәтижелерге қол жеткізген дұрысырақ деп шешеді. 21 күн бойы бала жапондық еркін күрес – Джиу-джитсумен айналысады, сондай-ақ ашық спорт алаңдарында жаттығып, жүгіреді.



«Сенің жаңа қырың!» челленджінің арқасында Артур өзінің ерік күшіне сенімділігін арттырып қана қоймай, алдына келешекте қол жеткізе алатын маңызды спорттық мақсаттар қойып, бұрын айналыспаған спорттың жаңа түрлерінен өзін сынап көрді.

Бүгін Артур жаттығуларға күніне кем дегенде үш сағат уақытын жұмсайды. Оның көптеген сыныптастары Артурға қолдау білдіріп, артынан ерді. Артур осы күнге дейін «Сенің жаңа қырың!» жобасының екінші толқынының ең белсенді қатысушысы және ол әрбір жаңа сынақты қолдайды.

*«Сенің жаңа қырың!» челленджінің арқасында Артур өзінің ерік күшіне сенімділігін арттырып қана қоймай, алдына келешекте қол жеткізе алатын маңызды спорттық мақсаттар қойды*





# Туған елге саяхат

«Әлеуметтік жобалар қоры»

**Жобаның географиясы:**  
Қазақстан Республикасы

**Жобаның мақсатты тобы:**  
11-15 жастағы балалар

«Туған елге саяхат» жобасы – бұл осымен 3 жыл қатарынан Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген балаларға демалыс уақытында 10 күндік саяхатқа шығып, Қазақстанның көркем орындары мен туристік аймақтарын ұйымдастырушылар бекіткен бағдар бойынша тамашалауға мүмкіндік беретін туристік пойыз. Жобаға қатысушылар қатарында – шалғай елді-мекендерден, көпбалалы және толық емес отбасылардан шыққан, үлгерімі жақсы «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының өндірістік кәсіпорындарын қызметкерлерінің балалары және шығармашылық байқау нәтижелері бойынша іріктелген балалар бар. Сапар барысында тәрбиешілер мен аниматорлар балаларға арналған ойын-сауықтық бағдарламалар, байқаулар, ағылшын тілі сабақтарын, ойындар ұйымдастырды. Жобаның әрбір қатысушысы саяхатшы жиынтығын: рюкзак, сауыт, гигиена құралдары, кепка, жейде және т.б. алды.



*Туған елге саяхат – бұл ең көп драйв сылайтын, тамаша энергиямен қуаттандыратын жобалардың бірі. Сізге тек ғажайып саяхатты бастан өткізген балалардың көз қуанышын көру керек”*

- Айжан Молдабаева, қор менеджері



# Жетістіктер

Төмендегі бағыт бойынша 8 күндік экскурсияның 3 кезеңі ұйымдастырылып, өткізілді:



Астана — Байқоңыр — Түркістан — Алматы — Алакөл — Астана

1 кезең - 2018 жылдың  
15 және 23 шілде аралығы

2 кезең - 2018 жылдың  
1 және 9 тамыз аралығы

3 кезең - 2018 жылдың  
15 және 23 тамыз аралығы

3 кезеңге қатысушылардың нақты саны әрқайсысы  
200 адамнан, жалпы саны 600 баланы құрады.

«Самұрық-Қазына» АҚ МК қызметкерлерінің балаларын іріктеу кезіндегі негізгі критерийлер ол көп балалы, аз қамтамасыз етілген немесе толық емес отбасыларда тәрбиеленетін шалғайдағы елді мекендерден шыққан, үлгерімі жақсы ЕТҰ-дың өндірістік кәсіптегі қызметкерлерінің балалары, барлығы - 510 бала іріктеліп алынды;

Қазақстанның барлық өңірлерінен 90 бала байқау негізінде үздік бейнеролик, шығарма немесе өлең шумақтарының қорытындысы бойынша іріктеліп алынды. Байқау жұмыстарының тақырыбы «Мен өз өңірімде нені өзгерткім келеді» деп аталды. Балалар өз өңірін, оның жетістіктерін және өңірдің проблемаларын шешу бойынша қажетті шараларды (қоршаған ортаның ластануы, ормандарды кесу, қоқыс төгі және т.б.) сипаттады.

Әр қалада жас саяхатшылар экскурсиялар жасап, өңірдің көрікті жерлерімен және тарихымен танысты, «ЭКСПО» аумағына барып, Алакөл көліне шомылды.

 - @tuganelgesayahat



## Инна Вейцеховская

28 жас, Астана қ.

«Туған елге саяхат» - бұл балалық шақтың пойызы. Ол жерде біз өмірдің ең бір тамаша күндерін кештік. Ол жердегі өмір мүлдем өзгеше, сондай кіршіксіз және шынайы өмір. «Туған елге саяхат» балалар туристік пойызы жобасында жұмыс істеу ұсынысы мені өте қатты қызықтырды, өйткені мен балалармен жұмыс істегенді жақсы көремін. Ал жобаның бағыты мені сүйікті жұмысым мен саяхаттауға деген қызығушылығымды біріктіруге мүмкіндік берді. Бұндай лагерьде тәрбиеші болу деген сөз толығымен осы жұмысқа берілу керек деген сөз. Кейде өзіңе көңіл бөлуге де уақыт болмай қалуы мүмкін екендігін сен түсіну керексің, өйткені сен барлық уақытыңды балалардың жанында өткізесің...



Менің ойымша, сенің бос уақытыңның болмауы, үнемі бір іспен айналысып жүруің өте керемет сезім. Ал егер сен істеген ісіңе толығымен көңілің толса тіпті керемет, жаздың қалай зымырап өте шыққанын да байқамай қаласың Ең бастысы әрқашан шынайы, жауапкершілікті, сыпайы болып қала білу маңызды. Әсіресе балалар кейде көңілдері түсіп, үйіне деген сағыныштары пайда болған кезде ол балаға дос, ана да, әке де бола білу керек.

Балалар туристтік пойыз жобасы балаларды жан-жақты дамытып қана қоймай, біз сияқты ересек адамдарға Қазақстанда талай тамаша жерлер мен тарихи ескерткіштер бар екендігін еске салды. Осы сапардан кейін мен туған жерімнің тарихы мен мәдениеті

жайлы көбірек іздене бастадым. Мен пойызда үйірме жетекшісі болып, осы жобаның бір бөлігі болғаным өте қуаныштымын. Бұл жұмыс маған Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген балалармен танысу мүмкіндігін берді. Бұл мен үшін үлкен тәжірибе. Жоба маған көп достар мен балалармен жұмыс істеу үшін ниеттес таныстар берді.



*Балалар туристтік пойызы жобасы балаларды жан-жақты дамытып ғана қоймай, біз сияқты ересек адамдарға Қазақстанда талай тамаша жерлер мен тарихи ескерткіштер бар екендігін еске салды*



# іКөшек

## «Нұрлы Астана»

**Жобаның географиясы:** **Жобаның мақсатты тобы:**

Астана қаласы

Астана қаласының тұрғындары мен қонақтары

### Жоба мыналарға бағытталған:

- 1) құралдармен және бағдарламалық қамтамасыз етумен жабдықтау арқылы Астана қаласының «іКөшек» мониторинг және жедел әрекет ету орталығын дамыту;
- 2) газ құбырын көбейту бойынша жұмыс жобаларын құру жолымен Астана қаласының «Көктал», «Теміржол» және «Оңтүстік-Шығыс» шағын аудандарын газдандыруға жәрдемдесу;
- 3) 20 пәтерді таза әрлеу арқылы «Астана Опера» опера және балет театрының қызметкерлерін қолдау.

## Жетістіктер

24/7/365

Астана қаласының коммуналдық және жедел қызметтерінің үйлесімді жұмысының арқасында іКөшек орталығы жұмыс істейді. Күн сайын орталық тіршілікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша азаматтардың көптеген өтініштерін өңдейді.





# Шаймаламбайева Гүлмира

41 жас, Астана қ.

Гүлмираның тағдыры жол-көлік апатынан кейін бір мезетте өзгерді. Сол сәттен бастап өмір мүгедек арбаға дейінгі және кейінгі екі кезеңге бөлінді. Ота жасатқанына қарамастан, Гүлмира кереуеттен тұра алмады, қолын да, аяғын да сезбеді. Ұзақ айларға созылған оңалту курстары басталды. Бітпейтін емшаралар, үздіксіз жаттығулардың арқасында әйел мүгедек арбаға ауысып, қолына жан біте бастады. Бірақ аяғын бұрынғыша сезбеді... Сол жол апатынан Гүлмираның үлкен қызы да зардап шекті. Отбасы басшысы – апат себепкері – апаттан кейін қымбат операцияларды қажет ететін әйелі мен қызы үшін жауапкершілікті өз мойнына ала алмай, отбасын тастап кетті. Бұл оқиғада үлкен махаббат пен

түңілу, қорқынышты трагедия мен адам айтқысыз күш арпалысып кетті. Гүлмира қалаған нәрсесіне қол жеткізе алатын еді, ол тағдырдың әр сабағын сыйлық ретінде есептеді. Ең қызығы, оның айтуынша, дәл осы қайғылы оқиғадан кейін ол өмірдің дәмін сезіне бастаған. Гүлмира әрдайым рухы мықты және ана инстинкті күшті әйел болатын. Қазір ол екі қызды жалғыз тәрбиелеп отыр. Өткен жылы қалалық iKomek мониторинг және жедел әрекет ету орталығы өз жұмысын бастады. iKomek қалалық орталығының құрамына қалада орнатылған 6000

видео камераны қадағалайтын бейнебақылау департаменті кіреді. Осымен бір жыл бойы Гүлмира бейнебақылау операторы болып еңбек етіп, Астананың өмірін күнделікті бақылайды. Гүлмираның қызықты жұмысы, қиын жағдайда қолдайтын әріптестері, ең бастысы отбасына деген алаңсыздық және ертеңгі күнге деген сенімділік пайда болды.

**Бұл оқиғада үлкен махаббат пен түңілу, қорқынышты трагедия мен адам айтқысыз күш арпалысып кетті...**

# Soyle

## «Мемлекеттік тілді дамыту қоры»

### Жобаның географиясы:

Қазақстан Республикасы

### Жобаның мақсатты тобы:

Қазақ тілін үйренгісі келетін адамдар

Жоба мемлекеттік тілді меңгерген адамдардың үлесін арттыруға және танымал етуге, барлық тілек білдірушілерге қазіргі заманғы оқыту әдістемелерін және IT технологияларын пайдалана отырып, қазақ тілін тегін үйренуге мүмкіндік беруге бағытталған.

«Soyle.kz» - Сөйле «айт» дегенді білдіреді, шын мәнінде, сөйлеуді тек сөзбен ғана үйренуге болады, сондықтан сөздерді, грамматиканы оқып үйрену, сөзді есту арқылы түсінуді дамыту, түрлі материалдарды оқу және тыңдау – бұл ауызекі сөйлеу тілін дамытуға арналған платформа. Жобаны іске асыру қазақ тілі мен мәдениетін, салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын насихаттауға, Қазақстанның тарихи, рухани және интеллектуалдық негіздерін сақтауға және дамытуға, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге, мемлекеттік тілдің шетелдердегі диаспоралардың тарихи Отанымен – Қазақстанмен байланысын қамтамасыз ету, оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін әзірлеу арқылы қазақ тілін қашықтықтан оқытуды кеңінен енгізуге ықпал етеді. Онлайн оқыту – оқытудың тиімді әдісі. Сіздің иелігіңізде тілдің жан-жақты зерттелуіне арналған дәстүрлі және табысты әдістер мен құралдар бар. Тілдерді оқытудың дәстүрлі әдістемесі мен жаңа технология элементтерінің үйлесімі қазақ тілін әлдеқайда оңай, жеңіл және жылдам үйренуге мүмкіндік береді.





# Жетістіктер

Skype көмегімен 40 адамға қазақ тілін оқыту бойынша **130** сабақ өткізілді



**Balasoyle.kz** атты балалардың қазақ тілін үйренуіне арналған мобильді қосымшасының сынақ нұсқасы іске қосылды



«Астана» радиосында тікелей эфирде қазақ тілін үйрену бойынша **38** сабақ өткізілді (радио аудиториясының 1 млн. тыңдаушысы қамтылды)

**50000**

Soyletube қазақ тілін үйрену бойынша үш бейнероликтің Youtube порталында жинаған қаралым саны

**қазақ  
тілі**

қазақ тілі курсының тестілік ағылшын-латын нұсқасы әзірленді

**6000**

resmihat.kz интернет-порталында тіркелген пайдаланушылар саны



 - @soyle.kz

 - @soyle.kz

 - Soyle kz

## Перайинская Анастасия

32 жас, Көкшетау қ.

Мен Қазақстанда туып-өстім, сондықтан қазақ тілін ана тілім деп санаймын. Қазақ тілін білу маған көптеген тұрмыстық жағдайларда көмектеседі, мен оны оқуды тоқтатпаймын, және қазақ тілі әр кез мен үшін жаңа қырынан ашылады. Мемлекеттік тілді үйрену керектігін мен мектеп жасынан бері түсінетінмін. Мен құрдастарыммен қазақ тілінде сөйлесуге тырысатынымын, кітаптар мен газеттерді оқып, олимпиадаларға қатысып, қазақ тілінде ән шырқап, тіпті мектеп ішілік іс-шараларды да өткіздім. Сонымен қатар, мен тілді үйрену үздіксіз болу керектігін түсінетінмін, еш кедергісіз сөйлеп үйренгім келді, акцентсіз сөйлегім келеді. Өйткені қазақ тілі өте әдемі, поэтикалық, көп қырлы тіл! Мен өзімнің дағдыларымның еркін сөйлеуге жеткіліксіз екенін



түсінемін, білімімді одан әрі жетілдіре түскім келеді және маған бұл мақсатымды іске асыруға «Soyle.kz» жобасы көмектеседі. Әр сабақ пен жаңа тақырыпты шыдамдылықпен әрі сапалы түсіндіретін менің мұғалімім Маралбекпен бірге біз сөздердің жасалу тарихын зерттеп, бірте-бірте тіліміздің барлық ерекшеліктерін меңгеріп келеміз. Үздіксіз сабақтардың арқасында мен тілдік кедергіні артта қалдырып, сөйлегенде жаңа сөздер мен сөз тіркестерін көп қолдана бастадым, бұл менің сенімділігімді арттырып, ары қарай жаңа дүниелерді үйренуге ынталандырады.





*Үздіксіз сабақтардың арқасында мен тілдік кедергіні  
артта қалдырып, сөйлегенде жаңа сөздер мен сөз  
тіркестерін көп қолдана бастадым, бұл менің  
сенімділігімді арттырып, ары қарай жаңа дүниелерді  
үйренуге ынталандырады*



# Республикалық байқау

көлік саласындағы оқушылар арасында

## «Назарбаев Университет» дербес білім беру ұйымы

**Жобаның географиясы:**  
Қазақстан Республикасы

**Жобаның мақсатты тобы:**

16 жастан 18 жасқа дейінгі аралықтағы жалпы білім беру мектептерінің, қосымша білім беру мекемелерінің оқушылары Жоба Қазақстан жастары арасында техникалық мамандықтарды насихаттау мен оқушылардың көлік саласына қызығушылықтарын арттырып, білімдерін тереңдетуге бағытталған

Жобаның мақсаты ҚР Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы Жолдауында айтылған даму бағыттарымен, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасымен, сондай-ақ техникалық мамандықтар имиджін көтерудің жалпы әлемдік үрдістерімен сәйкес келеді. Жобаның бастамашылары Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі және «Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМК болып табылады.



# Жетістіктер

## 17 команда

16-18 жас аралығындағы оқушылардан тұратын 17 команда Астана қаласында өткен ақтық кезеңге іріктеуден өтті

Ақтық іріктеу турының қатысушылары үшін мәдени бағдарлама ұйымдастырылып, олар Астана қаласының көрікті жерлеріне экскурсия жасады

Соңғы тур Назарбаев Университетінің серіктесі - **британдық Крэнфилд** университетінің ұйымдастыруымен өтті

*Крэнфилд университеті, «Samruk-Kazyna Trust» қоры, Назарбаев Университеті және басқа да байқаудың мүдделі серіктестерінен тұратын финалдық турдың комиссиясы құрылды*

Аталмыш комиссия байқау критерийлеріне сәйкес Ақтөбе және Қызылорда облыстарынан 2 жеңімпаз команданы, сондай-ақ 15 команданың әрқайсысынан 2 өкілден іріктеді

Ұлыбританияға оқу-танысу сапары ұйымдастырылды, оған 36 оқушы-байқау жеңімпаздары қатысты. Сапар шеңберінде қатысушылар Крэнфилд университетінің оқытушыларының дәрістеріне, практикалық сабақтарға қатысып, Даксфордтағы империялық әскери мұражайға, Кембридж университеті мен Виндзор сарайына барды, Jetstream ұшағында ұшу жаттығуына, симулятордағы Боингтің ұшуы мен қонуына, аэродинамикалық құбырда ұшуға қатысты

# Жас дарындар

## «Samruk-Kazyna Trust»

**Жобаның географиясы:**  
Қазақстан Республикасы

**Жобаның мақсатты тобы:**  
18 жасқа толмаған балалар

«Жас дарындар» – 18 жасқа дейінгі балаларға, сондай-ақ спорттық жарыстарға, шығармашылық байқаулар мен жобаларға қатысу үшін балалар ұжымдары мен спорт командаларына жол жүру гранттарын беруге бағытталған жоба. Жобаның мақсаты – дарынды балаларға қоғамның тұрақты дамуы мен мәдени және адам әлеуеттін дамытуға бағытталған республикалық және халықаралық шығармашылық бақылауларға, олимпиадаларға, ғылыми конференцияларға, спорт жарыстарға және т.б. шараларға қатысуға мүмкіндік беру. Бұл баланың өз қабілеттерін көрсетіп, кәсіби-шығармашылық деңгейін көтеруге бірегей мүмкіндік.

Байқауға қатысуға өтінімдерді құрамына «Samruk-Kazyna Trust» Қорының, Қордың Қамқоршылық кеңесінің өкілдері, сондай-ақ Қазақстанның қоғам қайраткерлері кіретін арнайы құрылған комиссия қарайды. Жобаның бенефициарлары 10 елде болды: Ресей, Әзірбайжан, Түркия, Франция, Беларусь Республикасы, Қытай, Венгрия, Польша, АҚШ, БАӘ.





# Жетістіктер

## 27 дарынды бала

халықаралық спорттық және шығармашылық сайыстарға қатысу үшін жол жүру гранттарына ие болды

Барлық гранттардың сомасы

## 5 305 733 теңге



Біздің елімізде талантты балалар көп. Дәл осындай балалар мен жастар еліміздің әлеуетін қамтамасыз етеді, ол барлық салаларда сапалы өсуге мүмкіндік береді. Бүгінгі дарынды балаларға қамқорлық – ертеңгі ғылым, мәдениет және қоғамның әлеуметтік өмірін дамыту”

- Әйгерім Көшпесова, жоба менеджері



### 7 бала халықаралық жарыстарда жүлделі орындарға ие болды:

- 1) Бейсембаев Нұрсұлтан - 1 орын, Берликов Ильяс - 1 орын, Ашық Чемпионат және Жекпе-жек бойынша біріншілік ФКСР, Уфа, Ресей
- 2) Варельджан Е. - 1 орын, Сырых М. - 2 орын, Югов Э. - 3 орын, VI Халықаралық жас өрт құтқарушылар слети, Минск, Беларусь – SOS балалар ауылдары командасы Теміртау қ.
- 3) Еркебек К. - 3 орын, WAMAS 2018 менталды арифметика бойынша олимпиада, Дубай, БАӘ
- 4) Жылқайдарова Мақпал - екі 1 орын, спорттық және бал би түрлері бойынша International Dance Festival Aquatic Palace Open Cup 2018 турнирі, Баку, Әзірбайжан
- 5) Жылқайдаров Дінмұхаммед және Қамзабаева Ғайни - екі 1 орын және бір 2 орын, Серіков Теміржан және Орленко Алина - 2 орын, жұппен спорттық және бал би түрлері бойынша International Dance Festival Aquatic Palace Open Cup 2018 турнирі, Баку, Әзірбайжан

 - @Samruk\_Kazyna\_Trust

 - @SamrukKazynaTrust

Дінмұхаммед және  
Мақпал Жылқайдаровтар  
13 и 10 жас,  
Астана қ.



Дінмұхаммед пен Мақпал Жылқайдаровтар спорттық-бал би түрімен жастайынан айналысып келеді. Олар көпбалалы отбасынан шыққан ағалы-қарындас, олардан бөлек отбасында тағы төрт бала тәрбиеленіп жатыр. Дінмұхаммед пен Мақпал бимен 6 жастан бері айналысады, сондан бері сүйікті істеріне берілген. Өздерінің жасына қарамастан олар бүкіл Қазақстан бойынша ұйымдастырылған көптеген байқауларға қатысып үлгерді, және бір күні олар Әзірбайжан астанасы Баку қаласында өтетін халықаралық байқауға шақырту алады.

Балалар бұл байқауды асыға күтіп, жаттықтырушыларымен өз нөмірлерін ойластыра бастайды.

Ал балалардың анасы Лира оларды байқауға жіберу үшін қаражат іздеуге кірісіп кетеді. Себебі халықаралық әуе билеттерінің билеттерінің құны көпбалалы отбасы үшін ауыр түседі. Бір күні Лира интернетте ақпарат іздеп отырып, «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының 18 жасқа дейінгі балаларға шығармашылық байқауларға қатысулары үшін жол жүру гранттарын ұсынатынын біледі. Қор жолданған хатқа бірден балаларға екі жаққа ұшақ билеттерін алып беру туралы жауап қайтарады.

Бұл жағдай балаларды да, аналарын да өте қатты қуантты.

Ағалы-қарындас оларға артқан үмітті толығымен ақтап шықты: Дінмұхаммед пен оның жұбы Камзабаева Ғайни 2 орын, ал Мақпал 1 орын иеленіп, үйге жүлдемен оралады. Қазір балалар бимен айналысуды одан әрі жалғастыруда және келешекте Әлем чемпиондары атанып, ірі халықаралық байқауларда елінің намысын қорғауды армандайды.



*Өздерінің жасына қарамастан олар бүкіл Қазақстан бойынша ұйымдастырылған көптеген байқауларға қатысып үлгерді, және күндердің күнінде олар Әзірбайжан астанасы Баку қаласында өтетін халықаралық байқауға шақырту алады*



# Өмірлік Таңдау

## «Азия Баспасөз Орталығы» ҚҚ

### Жобаның географиясы:

Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Ақтөбе, Павлодар және Түркістан облыстары

### Жобаның мақсатты тобы:

Орта мектептердің 8-10 сынып оқушылары

Жобаның мақсаты – ел өңірлерінде жұмысшы мамандықтарды насихаттау. Жоба барысында кәсіптік бағдар беру бойынша мамандар жоғары сынып оқушылары мен олардың ата-аналарына мамандық таңдауда дұрыс тәсілдің маңыздылығы туралы түсіндірді. Жоба аясында бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылды:

- 3 өңірде (БҚО, Маңғыстау, Ақтөбе) 9 сынып оқушылары арасында Әлеуметтік зерттеулер жүргізілді, 9 сыныптың 1127 оқушысы мен 992 ата-ана сұралды;
- оқыту бейнероликтері әзірленді: 2 анимациялық және 2 қойылым роликі;
- Әлеуметтік зерттеу қорытындысы бойынша 3 баяндама жасалды (әр өңірден бір-бірден және 1 жиынтық баяндама).
- жобаның географиясы шеңберінде

тиісті министрліктермен мен өңірлердің жергілікті атқарушы органдарына кәсіптік бағдар бойынша жұмыс туралы ұсыныстар әзірленді.

Сондай-ақ, жобаға қатысушылар арасында «Өңірдің үздік жаттықтырушысы» байқауы өткізілді – конкурстың 1 кезеңінде 50 өтінімнің ішінен финалға қатысу үшін әр өңірдің 2-ден 10 қатысушы анықталды; 2 кезеңде (финалда) форумда 5 жеңімпаз анықталды, олар 2018 жылдың 8-10 маусымы аралығында Ресейдің Санкт-Петербург қаласында «Иматон» ППИ-да оқу курсынан өтті.



# Жоба 3 өңірде жүзеге асырылды:

Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Ақтөбе облыстарында

160

педагог кәсіптік бағдар беру бойынша арнайы тренингтерден өтті

957

оқушы өз өңірлерінің өндірістік кәсіпорындарына барды

## Кәсіби бағдар беру

бойынша арнайы тренингтерді тыңдады

21 332

оқушы

3185

ата-ана

2018 жылдың 20-21 мамырында Астанада 130 адам қатысқан «Өмірлік таңдау» форумы өтті



Форум «Өмірлік Таңдау»

 - @tangdaukz

 - @tangdaukz



## Зерттеу

Жоба аясында бітіруші сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беруде жұмысшы мамандықтарды насихаттау кезінде туындайтын мәселелерді анықтауға бағытталған зерттеулер өткізілді (Мысалы, оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Павлодар, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыс мектептерінің 9-ші сыныптары)

Зерттеу нәтижесі бойынша:

1. Бес облыстың 9-ші сынып оқушыларының 29% «жұмысшы мамандық» түсінігін емқашан естімеген. Ондай түсінікті естіген оқушыларда жұмысшы мамандықтар көп жағдайда нейтралды ассоциация тудырады («кәдімгі оқу орны»).
2. Тренингтерге қатысқаннан кейінгі колледже оқуға түскісі келетін балалардың үлесі 30%-дан 35%-ға артты. Аз да болса, оқушылар жергілікті колледждер туралы ақпаратқа қызығушылық таныта бастады. Жалпы алғанда, тренингке қатысқаннан кейін жергілікті колледждер жайлы ақпараттанған оқушылардың үлесі артты.
3. Тренингтерге қатысқаннан кейін балалары жұмысшы мамандықты таңдасын дегені ата-аналардың үлесі 30,8%-дан 35,4%-ға артты. Сонымен қатар, колледже түскісі келетін балалардың таңдауын ата-аналар тарапынан қолдау көбейді (44%-дан 48%-ға). Ата-аналардың да жергілікті колледждер мен жұмысшы мамандықтар туралы ақпаратқа деген қызығушылығы арта түсті.
4. Тренинг нәтижелері бойынша оқушылар арасында жоғары және сұранысқа ие білікті жұмысшының алдағы уақытта жұмысқа тұру перспективасы мол екендігін түсінген оқушылар (58%-дан 64%-ға) мен жұмысшы мамандықтың кәсіби өсуге жақсы бастама деп ойлаушы (58%-дан 62%-ға) оқушылардың үлесі көбейді.
5. Ата-аналардың да тренингтен кейін жұмысшы мамандықтарға қатысты көзқарасы өзгерді. Жұмысшы маман иелерінің жалақысы аз деп ойлаушылардың үлесі 33%-дан 24%-ға азайды. Сонымен қатар, жұмысшы мамандықтардың карьералық перспективадан айырылды деп ойлаушылар азайды (24%-дан 19%-ға).



Тимур Бөндарцев,  
16 жас, Ақтөбе қ.

Мен әкем сияқты мұнайшы болуды армандайтынмын. Менің достарым сіңлім екеуімізге әкеміз Атырауда жұмыс істейді дегенге үнемі қызығушылықпен қарайтын еді. Мен достарымның алдында оны айтып мақтанатын едім. Бірақ әкемнің үнемі үйде болмайтыны маған ұнамайтын еді, ол екі айға, тіпті кейде үш айға Атырауға жұмысқа кететін. Бірде мектепте оқушылар мектеп меңгерушісінің кәсіби бағдарды анықтау үшін тесттен өтуге болатын бір сайт туралы айтқанын әңгімелеп жатты. Ол кісі «Өмірлік таңдау» жобасында курстан өткен екен. Сайттан мен мамандық таңдауда өте мұқият болу керектігі жайлы оқыдым. Ол жерде арнайы тест болды, мен ол тестті тапсырдым. Мен сол сайттан Қазақстана химиялық өндіріс саласында мамандар тапшы екенін білдім. Ал мектепте менің сүйікті



сабағым химия болғандықтан, мен химик мамандығын таңдауға бел будым. Бұл мамандықтың мүмкіндіктері өте көп: мен мектепте, өндіріс орындарында жұмыс істей аламын, ал келешекте қазақстандық крем, сусабын өндіретін үлкен зауыт та ашуға болады. Мен бізде осындай жобалар мен сайттар бар болғанына өте қуаныштымын. Өйткені ол жерде мен сияқты оқушылар өз мамандықтарын таңдап, мамандықтар туралы көптеген пайдалы ақпарат ала алады.

*Бұл мамандықтың мүмкіндіктері өте көп: мен мектепте, өндіріс орындарында жұмыс істей аламын, ал келешекте Қазақстандық крем, сусабын өндіретін үлкен зауыт та ашуға болады*

# SportFEST Kazakhstan

## «Коммуникативтік Бастамалар мен Стратегиялар Қоры» ЖҚ

### Жобаның географиясы: Жобаның мақсатты тобы:

Қазақстан Республикасы Спорттық атақтары мен дәрежелері жоқ орта мектептердің 8-10 сынып оқушылары

Жобаның мақсаты: оқушылар арасында патриоттық тәрбиені күшейту, салауатты өмір салтын насихаттау. SportFEST Kazakhstan – бұл балалар мен жастар арасында бұқаралық спортты жоғары жетістіктер спорты мен өскелең ұрпақтың дене күшін жетілдіретін негіз ретінде насихаттайтын республикалық мектеп спартакиадасы. Бұдан басқа, бүгінгі таңда бұқаралық спорт – қазіргі заманғы қоғамның табысты дамуының және ұлттық стратегиялық мүдделерге қол жеткізудің қажетті шарты.



# Жетістіктер

6 спорт түрі бойынша (футзал, баскетбол, шахмат, тоғызқұмалақ, үстел теннисі және әскери-қолданбалы спорт түрлері) 14 облыста және республикалық маңызы бар 2 қалада іріктеу турлары өткізіліп, 6000-нан астам балалар мен жаттықтырушылар (дене шынықтыру ұстаздары) қамтылды.

«SportFEST Kazakhstan» Республикалық Спартакиадасының финалы 2018 жылғы 31 мамырдан 4 маусым аралығында «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығында өтті (Ақмола облысы, Щучье қ.).

*Жоба финалының барысында жеңімпаздар келесі бағалы сыйлықтармен марапатталды:*

*1 орын – велосипедтер*

*2 орын - сигвейлер*

*3 орын - самокаттар*

5 күн ішінде қатысушылар үшін команда құру мақсатында түрлі концерттер мен шоу ұйымдастырылды: «Жастар» тәлімгерлер концерті, «LA» live band-інің қатысуымен концерт, «Cross fire» тобының қатысуымен фаер шоу, кинокештер, команда құрушы ойындар, кэнди барлар (тәттілермен үстел).

Сондай-ақ, Бурабай курорттық аймағы бойынша балалар мен жаттықтырушыларға 10 топтық экскурсия ұйымдастырылды. Қатысушылар «Балдәурен» РОСО-да үйірмелер мен спорттық секцияларға бару мүмкіндігіне ие болды: бассейндер, робототехника кабинеттері, қолданбалы өнер кабинеттері және т.б.





## Сания Омарова

15 жас, Алмайы қ.

Мен 2003 жылы Алматы қаласында дүниеге келдім. Кішкентай кезімнен баскетбол ойнаймын. Қазір менің бойым 175 см. Мен бесінші сыныптан бері өз гимназиядағы қыздар арасындағы баскетбол командасының ойыншысымын. Өткен жылы біз Қазақстанда «SportFEST Kazakhstan» республикалық мектеп олимпиадасы басталғанын естідік. Мен ол кезде 9 сыныпта оқып жүрдім. Бұл спартакиадаға қатты қатысқым келді, өйткені жеңімпаздар бір аптаға Щучье қаласына барады дегенді естіген кезде менің қатысуға деген қызығушылығым арта түсті. Себебі, мен ол өңірлерде ешқашан болған емеспін. Біз жаттықтырушымен бұл



спартакиадаға қатысып, міндетті түрде жеңіп шығамыз деп шештік.

Ойлағанымыз іске асты, біз бір апта бойы «Балдәуренде» демалдық.

Мен осындай ауқымды жобаға қатысқанымға өте қуаныштымын.

Жобаның арқасында мен көп достар таптым және бізді теледидардан көрсетіп, түрлі басылымдарда біз туралы жаңалықтар шықты. Мұның барлығын бақылау біз үшін өте қызық болды.



*Менің ойымша, осындай жобалардың арқасында мен сияқты жастардың спортпен айналысып, салауатты өмір салтын ұстануға ниеттері арта түседі*

# Bilim Foundation

«Адами капиталдың жаңа сапасы: мықты денсаулық, жастардың озық білімі мен қазіргі заманғы дағдылары» бағдарламасын әзірлеу

## «Bilim Foundation» ҚҚ

### Жобаның географиясы:

Ақмола, Атырау, Ақтөбе, Қызылорда облыстары, Шымкент және Астана қаласы

### Жобаның мақсатты тобы:

Кәметке толмаған балалар және олардың ата-аналары

Жоба жас ұрпақтың қазіргі заманғы өмірлік дағдыларын дамытуға, сондай-ақ психологтардың үздік шетелдік тәжірибелерін қолдану арқылы оларды ересек өмірге дайындауға бағытталған. Жоба шеңберінде 2018 жылдың қаңтар айында ҚР Үкіметі және ЮНИСЕФ бастамасымен «Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын нығайту» атты 1-ші Халықаралық конференция өткізілді. Конференцияға ҚР Денсаулық сақтау министрі, ҚР бала құқықтары жөніндегі өкілі, Дүниежүзілік психиатриялық қауымдастықтың Президенті (Ұлыбритания, Пәкістан), сонымен қатар, 8 елдің ғылыми-практикалық орталықтарының өкілдері қатысты. Америка психологтар қауымдастығының (АРА) материалдарына лицензия сатып алынды, олар орыс және қазақ тілдеріне аударылып, Қызылорда облысының жасөспірімдері арасында таратылады. Сонымен қатар, Ақтөбе, Атырау облыстарында және Шымкент қаласында жасөспірімдерге психологиялық көмек көрсету мәселелері бойынша «дөңгелек үстелдер» өткізілді.



*Біздің балаларды ересек өмірге дайындауды педагог-психологтардың кәсібилігін, сондай-ақ ата-аналардың психикалық денсаулық мәселелері жайлы хабардар болу деңгейін арттыра отырып жүзеге асыруға болады. Жасөспірімдерді ересек өмірге тезірек бейімдеу үшін олармен үйде де, мектепте де жеке жұмыстар жүргізу керек”*

- Ерлан Айтмұхамбетов,  
Атқарушы директор, «Bilim Foundation» ҚҚ



# Жетістіктер

«Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын нығайту» атты 1-ші Халықаралық конференция өткізілді»



білім беру, денсаулық сақтау ұйымдарының мамандары үшін, сондай-ақ оқушылар мен олардың ата-аналарының қиын жағдайлар туралы хабардар болу бағдарламасын іске асыру үшін Zhastar.org интернет-ресурсы әзірленді;

65

білім беру ұйымдарының педагогтары мен психологтары, жалпы практика және психиатриялық бейінді дәрігерлер үшін 65 оқыту видео курстары (қазақ және орыс тілдерінде) дайындалды;



орта мектеп оқушыларының денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру бойынша 6 модульден және 34 оқу фильмінен (орыс және қазақ тілдерінде) тұратын әдістемелік кешен әзірленді;



# Ата Буыннан тас Буынға

## Н.А.Марабаев атындағы «Мұнайшы» ҚҚ

**Жобаның географиясы:** Жобаның мақсатты тобы:

Қазақстан Республикасы Мұнай-газ саласының ардагерлері, жастар

Жоба мұнай-газ саласының мұқтаж ардагерлеріне көмек көрсетуге, мұнай индустриясының қалыптасуы туралы кітаптар басып шығару және электрондық кітапхана құру арқылы жаңа ұрпаққа олардың бай тәжірибесін таратуға бағытталған.



# Жетістіктер

500

Еңбек сіңірген мұнайшы Х.Ж. Өзбекғалиевтің өмірбаяны туралы 500 кітап шығарылды

70

кітап электронды нұсқаға көшірілді: «Қазақстанның мұнай энциклопедиясы» және «Қазақ Мұнайының Ардақтылары» мен «Победа» сериясындағы барлық кітаптар

8

Қазақстанның мұнайшылары мен мұнай-газ саласы туралы құрылған Ұлттық білім базасын танымал ету мақсатында республикалық және өңірлік БАҚ-та 8 мақала жарияланды

9245

2018 жылдың басындағы жағдай бойынша мұнай-газ саласының 9245 ардагері қоғамдық қорда есепте тұрады. 2018-2020 жж. 10 000 теңге көлеміндегі ай сайынғы атаулы қайырымдылық көмек көрсету үшін ҚР 6 аймағынан 110 мұқтаж ардагер (жалғыз басты, өндіріс мүгедектері, ҰОС ардагерлері) іріктелді:

- Атырау облысы – 26 адам;
- Маңғыстау облысы – 24 адам;
- Атырау облысы – 24 адам;
- БҚО – 23 адам;
- Алматы облысы және ОҚО – 13 адам.



# Шебер

«Нұр» Батыс Қазақстан балалар үйлері мен мектеп-интернаттар түлектерінің одағы» ҚБ

**Жобаның географиясы:** Жобаның мақсатты тобы:

Орал қаласы

Балалар үйінің түлектері

Жоба Орал қаласындағы балалар үйінің түлектері арасында жұмыссыздықтың алдын алу бойынша жағдай жасауға бағытталған, яғни, тігін ісіне үйрету. Орал қаласындағы түлектерді жұмыспен қамту мәселесін шешу, олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу, балалар үйінің түлектері арасында Әлеуметтік жетімдіктің алдын алу.



## Жетістіктер

Балалар үйінің түлектерін тігін ісіне үйрету сыныбының жұмыс істеуі үшін тігін жабдықтары мен тауар-материалдық құндылықтар сатып алынды.

**15** Балалар үйінің 15 түлегі оқытудан өтті

**3** үздік оқушы өз ісін ашуға мүмкіндік алды, оларға тігін жабдықтары сыйға берілді

**2** Орал қаласында дайын өнімді сату бойынша 2 жәрмеңке өткізілді



**Жоба шеңберінде оқушылармен келесі өнімдер дайындалды:**

- 1) төсек-орын жиынтығы (жастық тысы, жайма, көрпе тысы);
- 2) ойын бұйымдары (текшелер, тіктөртбұрыштар, үшбұрыштар, маттар);
- 3) басқа бұйымдар (косметика сөмкешелері, телефон тысы, алжапқыштар, орамалдар, сүлгілер және т. б.).

## Бекболат Жантурин

20 жас, Орал қ.



Бекболат Жантурин – Орал балалар ауылының түлегі. Мектеп жасынан бастап жігіт қолөнермен айналысуды жақсы көрді: тігу, пішу және тоқу. Мамандық таңдауда Бекболат қиналмады, мектептен кейін ол №2 кәсіптік лицейге оқуға түсіп, дизайнер модельер маманы болады. Лицейде оқып жүргенде, оған киім тігуге және ұсақ рестоврация тапсырыстары түсе бастады. Бекболат барлық тапсырыстарды өз үйінде, жалдамалы пәтерде тұрып жасап жүрді. Болашақта үлкен ателье ашуды армандады. Бірақ жігітті ұлттық гвардияға қызметке шақырып, оған бір

жыл бойы өзінің қызығушылығы туралы ұмытуға тура келді. Қызметтен оралғаннан кейін Бекболат «Шебер» жобасы туралы естіп, оған қатысуға шешім қабылдайды. Бұл жоба балалар үйінің түлектеріне тігін ісі мен бизнесті жүргізу бойынша білім алуға мүмкіндік берді. Бұдан бөлек, жоба қатысушыларына ай сайынғы шәкіртақы төленді. «Шебер» жобасының арқасында ол өз кәсіби білімін жаңартып қана қоймай, сонымен қатар құқықтық сауаттылық пен қаржы жағынан жақсы білім алды. Қазір Бекболаттың өз ательесін ашу жоспары бар. Ательенің басты

ерекшелігі ұлттық киім тігуде болады. Ол бизнес-жоспар құрып, қазір серіктестер тарту жұмысын бастады. Жас дизайнердің айтуынша, таңдау жасалды және бұл таңдау шағын, алайда өз ісінің пайдасына жасалған таңдау.



*«Шебер» жобасының арқасында ол өз кәсіби білімін жаңартып қана қоймай, сонымен қатар құқықтық сауаттылық пен қаржы жағынан жақсы білім алды*

# «Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы» РҚБ «Ақниет» ЖҚ

**Жобаның географиясы:** Қазақстан Республикасы  
**Жобаның мақсатты тобы:** Шетелде тұратын этникалық қазақтар

Шетелде тұратын этникалық қазақтарды қолдау,  
мәдени құндылықтар мен дәстүрлерді сақтау,  
Қазақстанның имиджін қолдау.

## Жетістіктер

Өзінің қызметі туралы ақпаратты орналастыру үшін Қауымдастықтың жаңа сайты және бүкіл әлем бойынша Қауымдастық мүшелері туралы мәліметтерді жинау үшін қосымша сайт құрылды.

Білім беру саласында бірлесіп жұмыс істеу мақсатында «Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы» РҚБ мен «Болашақ» ХБО» АҚ арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды.

Этникалық қазақтарға Отанына оралу мәселелері бойынша кеңестер берілді.  
Ресей, Моңғолия, Қытай, Өзбекстан және Түркиядан келген қазақ диаспораларының өкілдерімен кездесулер өткізілді.

Жоба аясында Түркиядан келген 10 этникалық қазақ үшін (10 студент және 2 оқытушы) 10 экскурсия, кездесулер мен Астана күніне арналған іс-шараларға апару (Бәйтерек, Назарбаев Университеті, Ақ Орда, Тұңғыш Президент мұражайы, «Нұралем» павильоны және т.б.) ұйымдастырылды.





# Жәния Әубәкірова

«ҚР Халық әртісі Жәния Әубәкірованың шығармашылық қызметінің 30 жылдығына арналған мерейтойлық іс-шаралар»

## «Классика» музыкалық агенттігі

### Жобаның географиясы:

Қазақстан Республикасы,  
Еуропа елдері

### Жобаның мақсатты тобы:

Қазақстан халқы, музыкалық оқу орындарының  
білім алушылары

Жоба Қазақстанның классикалық және халық өнерінің үздік үлгілерімен отандық және шетелдік тыңдаушылар аудиториясын кеңейтуге бағытталған.

## Жетістіктер

3500

адамды қамтыған Қазақстан бойынша гастрольдік турлар мен қайырымдылық мастер-класстар

#1

Алматы қаласындағы №1 балалар үйінде консерватория солистерімен бірге қайырымдылық концерт

«Қазақ музыкасының антологиясы» атты 30 бейнеролик дайындалып, іске қосылды. Онда қазақ музыкасының үздік үлгілері жинақталған



*Әртістің тіпті кез-келген адамның өмірі сан қырлы, кейде кенеттен қиын, кейде сөзсіз әдемі, таңқаларлық көріністерге, шабытқа, түңілуге және... шығармашылықтан пайда болатын қуанышқа толы”*

- Жәния Әубәкірова, ҚР Халық әртісі

- @music\_agency\_classica

- @musicagencyclassica

# Цифрлық Қазақстан

## «Коммуникативтік Бастамалар мен Стратегиялар Қоры» ЖҚ

### Жобаның географиясы:

Қазақстан Республикасы

### Жобаның мақсатты тобы:

IT ЖОО студенттері мен оқытушылары, КЕҰ өкілдері мен мемлекеттік қызметшілер

Жоба оқыту семинарларын өткізу, сондай-ақ кең аудиторияны ақпараттандыру үшін интернетте тиісті ақпаратты орналастыру жолымен «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын насихаттауға бағытталған.



## Жетістіктер

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын жоба аясында көпшілікке тарату мақсатында:

**50** жарияланым ақпараттық интернет-порталда жарияланды, қамтылған аудиторияның жалпы саны - 59 396 қаралым;

**56** мақала Caravan, 365info, Jasqazaq ақпараттық интернет-порталдарында және Facebook Әлеуметтік желісінде жарияланды, қамтылған аудиторияның жалпы саны - 37 644 қаралым;

**20** баннер ақпараттық интернет-порталдарда орналастырылды, қамтылған аудиторияның жалпы саны - 1 179 675 көрсетілім;

**2100** адам, яғни, IT-мамандығы бойынша ЖОО мен колледждерден келген студенттер мен ұстаздар Астана, Алматы, Павлодар, Шымкент, Қызылорда, Орал және Ақтау қалаларындағы «Цифрлық Қазақстан» атты екі күндік семинарға қатысты;

Жалпы 11 601 044 жазылушысы бар Facebook Әлеуметтік желісі топтарында қазақ тілді үш сайтты (365info.kz, Caravan.kz, Jasqazaq.kz) насихаттау үшін 56 мақала жарияланды.

# Павлодар облысында бұқаралық спортты дамыту

(хоккей, бокс, баскетбол)

«Бірлік» Жергілікті қоғамдастықтарды дамыту қоры» ЖҚ

Жобаның географиясы: Жобаның мақсатты тобы:

Павлодар қ.

Жалпы білім беру және спорт мектептерінің оқушылары

Жоба Павлодар облысында бұқаралық спортты дамытуға бағытталған (хоккей, бокс, баскетбол)



## Жетістіктер

«Ертіс» ХК халық арасында хоккейді дамытуға бағытталған 6 іс-шара өткізді (есту және сөйлеу қабілеттері төмен адамдар мен командалар үшін мастер-класстар, жолдастық матч, ЖОМ оқушыларына арналған ашық сабақ)

«Ертіс» БК халық арасында баскетболды дамытуға бағытталған іс-шаралар өткізді (ЖОМ оқушылары мен әуесқой командалар үшін ашық сабақ)







# Имидждин модель



# Еуразиялық Медиа форум

«Еуразиялық Медиа форум» Халықаралық қоры»

**Жобаның географиясы:** Алматы қ.

**Жобаның мақсатты тобы:**

Саяси және қоғам қайраткерлері, журналисттер мен әлемдік мәселелер жөніндегі сарапшылар

Жоба қазіргі заманның өзекті мәселелеріне арналған әлемдік сарапшылар қауымдастығы көшбасшыларының жан-жақты көзқарастарын объективті баяндауға негізделген Әлеуметтік-экономикалық және әлемдік деңгейдегі геосаяси оқиғаларды талқылау үшін бірегей орталық-азиялық ашық диалог алаңын ұйымдастыруға бағытталған.

Мамыр айында кезекті XV Еуразиялық Медиа форум өтті – бұл бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы жыл сайынғы қазақстандық Форумның негізгі мара. Форумның негізгі миссиясы – елдер мен құрлықтар арасындағы сенім ахуалын қалыптастыру, ұлтаралық бейбітшілік пен келісімді сақтау. Дәл осы жерде

Шығыс Батысты интеллектуалдық тұрғыда қарсы алады. Бұл іс-шара Қытай мен Еуропа арасындағы ежелгі Жібек жолын қамтитын коммуникация орталығы ретінде Орталық Азияның рөлін қайта жаңғыртады. Алаңды қазақстандық және халықаралық кәсіби сарапшыларды тарта отырып, нәтижелерді БАҚ-та жариялау арқылы форум форматында ұйымдастыру Қазақстанның оң имиджін қалыптастыруға ықпал етеді. Форум спикерлерінің арасында:

- The Steppe негізін қалаушы Зауре Розмат;
- Италияның бұрынғы премьер-министрі Маттео Ренци;
- журналист, Корольдік астрономиялық қоғамдастықтың мүшесі, Лондондағы ғылым мұражайының елшісі Тира Шубарт;
- БАҚ бостандығы мәселелері жөніндегі ЕҚЫҰ өкілі Арлем Дезир.





# Жетістіктер

**500** адам 6 оқыту мастер-классына қатысты



Төмендегі тақырыптар бойынша 7 сессия өткізілді:

- БАҚ-тағы жалған жаңалықтармен қалай күресу керек?
- Халықаралық қатынастардың эволюциясы: жаһандық суықтау;
- Еуропалық Одақтың эволюциясы: бар сын-қатерлер мен болашақтың перспективалары;
- Қоғамдағы сенім эволюциясы: қазіргі әлемде оларды қалай басқару керек?
- Қоршаған орта эволюциясы;
- Медиа эволюция: блогосфераның өсуі – қауіп па немесе прогресс пе?
- Құндылықтар мен мораль эволюциясы: жаңа әлем түсінігін кім қалыптастырады?

Форум сессиясы аясында 47 шетелдік спикер сөз сөйледі;

Форумға әлемнің 50 елінен 600 делегат: (шамамен 133 шетелдік), яғни дипломатиялық корпус, бизнес, халықаралық ұйымдар және БАҚ өкілдері қатысты;

2014, 2016 және 2017 жылдары өткізілген XII, XIII, XIV Еуразиялық Медиа Форумдардағы барлық спикерлер мен мастер-класстардың бейнежазбаларын ЕАМФ веб-сайтында «Тарих» бөлімінде көруге болады. Ал XV Еуразиялық Медиа Форумның материалдарын «ЕАМФ 2018» тармақшасынан көруге болады, кейін бұл ақпараттар XVI Медиа Форумға дайындық алдында «Тарих» бөліміне көшіріледі;

Форумның қорытындысы бойынша қазақстандық БАҚ-та 350 мақала, шетелдік БАҚ-та 24 мақала жарияланды.



 - @eurasianmediaforum

# Astana Finance Days

**«Астана» Халықаралық қаржы орталығының әкімшілігі» АҚ**

**Жобаның географиясы:** **Жобаның мақсатты тобы:**

Астана қ.

Шет мемлекеттердің басшылары, Нобель және Пулитцер сыйлықтарының лауреаттары, халықаралық қаржы институттарының басшылары, қаржы сарапшылары

Жоба Астана статусын экономикалық мәселелерді талқылауға арналған алаң ретінде қалыптастыру мен АХҚО-ның Қазақстанда және шетелде танылуын арттыруға бағытталған.

5 шілдеде Astana Finance Days Халықаралық қаржы конференциясы аясында «Экспо» Конгресс-орталығында «Астана» халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) ресми ашылу салтанаты өтті. АХҚО ресми ашылуы Astana Finance Days аясындағы негізгі іс-шара болды, онда мемлекет басшылары мен шетелдік ұйым басшылары, шетелдік саясаткерлер, сондай-ақ ғылыми орта мен талдау орталықтарының сарапшылары жиналды. Astana Finance Days бағдарламасы негізгі панельдік пікірталас алаңдары мен қосымша іс-шаралар және платформаларды қамтыған АХҚО ресми ашылу салтанатынан тұрды.



Қонақтар пікірталастарға қатысып, АХҚО Биржасының іске қосылуына, жаңа технологиялық өнімдер мен қызметтер көрмелеріне қатысты. Сондай-ақ Қазақстан мен АХҚО қызметі туралы көбірек біле түсті. Конференция аясында «Астана» Халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) ресми ашылуы, AIFC Digital Exhibition цифрлық бастамаларының көрмесі, сондай-ақ төмендегі форумдар мен конференциялар өтті:

- Астана ислам экономикасының форумы;
- Жасыл өсу форумы / GEWR`2018;
- Жаһандық қаржы форумы;
- 2-ші Астана халықаралық капитал нарықтарының форумы;
- FinTech 2018;
- Еуразиялық экономикалық комиссия сессиялары;
- АХҚО құқықтық мәселелері бойынша Конференция.

# Жетістіктер

## *Жаһандық қаржы форумы*

61 қатысушы тіркелді, 11 сессия өткізілді, форум алаңдарында кездесулер мен келіссөздер жүргізілді;

## *Жасыл өсу форумы*

14 сессия өткізілді, форум алаңдарында кездесулер мен келіссөздер жүргізілді;

## *Капитал нарықтарының 2 форумы*

4 сессия өткізілді, форум алаңдарында кездесулер мен келіссөздер жүргізілді;

## *Астана ислам экономикасының форумы*

5 компания тіркелді, 4 сессия өтті, 2 мастер-класс, 2 семинар, сондай-ақ форум алаңында кездесулер мен келіссөздер жүргізілді.



 - @AstanaFinDays



# Қазақстан машина жасаушыларының VI форумы

«Қазақстан Машина жасаушылар одағы» ЗТБ

**Жобаның географиясы:**

Астана қ.

**Жобаның мақсатты тобы:**

Жетекші қазақстандық және шетелдік (әлемнің 20-дан астам елінен) машина жасау кәсіпорындарының басшылары, орталық мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектордың, даму институттарының, бизнес қауымдастықтардың және машина жасау өнімдерінің ірі тұтынушыларының өкілдері

Жоба Қазақстанның Машина жасаушылар одағының халықаралық байланыстарын дамытуға және Қазақстанның машина жасаушыларының VI форумын ұйымдастыру жолымен машина жасау және металл өңдеу кәсіпорындары арасындағы өңіраралық байланыстарын жақсартуға бағытталған.

Форум тақырыбы: «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері».

Форумда машина жасау саласының ең өзекті және жан-жақты мәселелері ғана емес, барлық өңдеу өнеркәсібінің ірі жүйелі мәселелері талқыланды. Форумның негізгі ерекшеліктерінің бірі – форум аясында 2019-2030 жылдарға арналған Қазақстанның машина жасау саласын дамытудың Кешенді жоспарының жобасы таныстырылды. Бұл саланың орта мерзімді кезеңде стратегиялық енгізу болады. Дәстүрлі алаң әлемнің 20-дан астам елінен машина жасау саласының мамандарын жинады. Екі күн ішінде олар мұнай-газ, тау-кен металлургиясы мен ауыл шаруашылығы саласындағы машина жасау, сондай-ақ электротехникалық, темір жол машина жасау және автомобиль жасау саласындағы проблемалар мен жетістіктерді талқылады.



# Жетістіктер

30

елден 1200 делегат қатысты;

- ✓ Қазақстанның машина жасау саласын дамытудың 2019-2030 жылдарға арналған Кешенді жоспарының жобасы таныстырылды және талқыланды, 67 ұсыныс пысықталды;
- ✓ Машина жасау саласындағы ынтымақтастық бойынша 4 меморандумға қол қойылды:
  - «Қазақстан-Қытай сауда қауымдастығы» ЗТБ (Қытай)
  - «Кәсіпқор» АҚ Холдингі
  - «Технологиялық даму жөніндегі Ұлттық агенттік» АҚ
  - Kasachstan-invest (Германия);
- ✓ ҚР техникалық жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған бос орындар жәрмеңкесі өткізілді;
- ✓ «Машина жасаушылар жаршысы» журналының 2000 данасы басып шығарылды;
- ✓ Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарындағы және Астана, Алматы, Шымкент қалаларында әр өңірден 70 адамды қамтитын техникалық колледждер оқушыларына кәсіптік бағдар беру бойынша практикалық сабақтар өткізілді;
- ✓ Техникалық мамандықтар студенттерінің форум жұмысына кәсіби бағдар беру мақсатында қатысуы ұйымдастырылды;

Әлеуметтік дивиденттер шеңберінде «Қазақстан Машина жасаушылар Одағы» ЗТБ «С. Сейфулин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» АҚ-ның зертханасын құрал-жабдықтармен қамтамасыз етті. Сонымен қатар, техникалық колледж оқушылары үшін кәсіптік бағдар беру бойынша практикалық сабақтар өткізілді (тәжірибе/практика).



- @soyuzmashkaz



- @Союз Машиностроителей Казахстана

# Медиаалаң

## «Samruk-Kazyna Trust» медиаалаңда

«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры» БАҚ мен әлеуметтік желілерде өз қызметін насихаттау бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Жыл сайын «Samruk-Kazyna Trust» адамдар үшін адамдар өздері жасайтын ондаған әлеуметтік маңызды жобаларды жүзеге асырады. Сондықтан Қор үшін қарапайым азаматтарға, әсіресе шалғай өңірлерде

тұратын адамдар үшін қажетті ақпаратты жеткізу өте маңызды. Бұның барлығы көмекке мұқтаж адамдар қайда, қалай және қандай бағыттар бойынша көмек ала алатынын білу үшін жасалады. Және бізге бұл міндетті жүзеге асыруға БАҚ-тың түрлі салалары көмектеседі: телеарналар, газеттер, интернет-порталдар және радио. Мәселен, өткен жылы бұқаралық ақпарат құралдарында 9193 материал жарияланды және олардың барлығы тегін негізде.


**Мәселен, өткен жылы бұқаралық ақпарат құралдарында 9193 материал жарияланды және олардың барлығы тегін негізде.**

Өткен жылы «Samruk-Kazyna Trust» Қоры өзінің ресми сайтында ақпарат беру тәсілін қайта қарады, осыған байланысты сайттың функционалы кеңейтілді. Бүгінгі күні бұл жай ғана ақпараттық сайт емес, бұл толыққанды білім беру және танымдық мазмұны бар портал. Сайтта үнемі сараптамалық материалдар, қайырымдылық саласының мамандарымен сұхбат, подкаст, пайдалы мақалалар жарияланып тұрады. YouTube арнасында әлеуметтік желілерді жүргізу негіздеріне қатысты вебинарлар жүктеліп тұрады. Сондай-ақ, Қор қазіргі таңда жаңа медиа құралы болып үлгерген әлеуметтік желілерде ресми парақшаларын жүргізеді. Әлеуметтік желілердегі жарияланымдар Қор мен оның серіктестерінің жаңалықтарын

онлайн режимінде жедел жариялауға мүмкіндік береді, осылайша интернет қауымдастықтың Қор қызметіне және жалпы қайырымдылық қызметіне деген қызығушылығын қалыптастырып, қолдауға мүмкіндік береді. Тақырыптық инфографикалар, іске асырылып жатқан жобалар туралы өзекті деректер, емдеу мен көмек алу туралы ақпарат, жоба кейіпкерлері туралы арнайы айдарлар, ҰЕҰ мен серіктестерге арналған іс-шаралар анонстары сияқты жан-жақты материалдар жарияланады. Бүгінгі күні әлеуметтік желілердегі оқырмандардың жалпы саны 12 500-ден астам адамды құрайды.




# БАҚ - тағы мақалалар топтамасы




## Forbes іскерлік журналы

Көру қабілеті бұзылған бірінші сынып оқушылары үшін  
24 арнайы оқулық әзірленді




## Филантроп – қайырымдылық туралы электрондық журнал

Әлеуметтік кәсіпкерлік: маңызды басымдықтар



## TengriNews интернет порталы

Аружан Саин: күйгі бар бала Сеулге емге жөнелтілді



## Sputnik интернет порталы

Дейін және кейін: Қазақстанда 50 спорт алаңы орнатылды




## Литер интернет-порталы

Әрбір бала көңіл аударуға тұрарлық




## Kazinform интернет порталы

ҰОС ардагерлері ТМД аумағында тегін саяхаттай алады



### Zakon.kz интернет порталы

Самұрықта жаңа Қайырымдылық саясаты өзін ақтағанын айтады




### BNEWS интернет порталы

Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту: Қазақстан экономикасының жаңа тренді



### BNEWS интернет порталы

Медициналық пойыздар: дерт кезінде анықталған дерт қазақстандықтардың өмірін қалай құтқарады



### Хабар телеарнасы 15.09.2018ж «Жеті күн» бағдарламасы

Медициналық пойыздар



Жылдық есепке кірмеген қайырымдылық жобалар  
туралы ақпаратпен «Samruk-Kazyna Trust» Қорының  
ресми сайтынан таныса аласыздар

**[www.sk-trust.kz](http://www.sk-trust.kz)**

**Ақпарат ұсынылған есеп беру кезеңі**  
2018 ж.

**Есеп беру циклы**  
Жыл сайын

**Байланыс деректері**  
info@sk-trust.kz  
+7 7172 57-68-98

**Корпоративтік коммуникациялар**  
**департаменті**  
+7 7172 24-80-15  
pr@sk-trust.kz

**www.sk-trust.kz**

